

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Ағиба ҚАТЕШОВА

ЕРЖІГІТ НҰРХАНОВ



Алматы 2013

УДК 622.32

ББК 33.361

Қ 46

Қатешова А.

ЕРЖІГІТ НҰРХАНОВ

Қ 46 Алматы: «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2013 –
300 бет, 32 бет жапсырма. Қазақ мұнайының ардақтылары.
Өмірбаян сериясы.

ISBN 978-9965-816-57-4

Бұл кітап мұнай өнеркәсібін өркендетуге өзіндік үлесін қосып, осы салада 40 жыл еңбек етіп, тағылымды қызмет жолымен бай тәжірибесін сарқа жұмсаған белгілі өндіріс басшысы Ержігіт Нұрханов жайлы жазылған шығарма. Ұлы Отан соғысының ардагері, мұнай саласының майталманы Ержігіт Нұрхановтың ерен ерлігі мен жасампаз еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Қызыл Жұлдыз», «I дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, жиырмадан астам медальдармен, «КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі» белгілерімен марапатталды.

Сондай-ақ, Е.Нұрхановтың зайыбы Қания Бисенова да елімізге белгілі геолог-барлаушы, «КСРО жер қойнауын барлаудың» үздігі, ардагер мұнайшы.

Шығарманың тілі жатық, кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 622.32

ББК 33.361

ISBN 978-9965-816-57-4

© ОФ «Мұнайшы», 2013

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

«Ару Жайық жағалауын жағалап бір адам келе жатыр. Ақ күмістей жарқыраған аппақ шаштарын салалы саусақтарымен әлсін-әлсін кері қайтарып, қалың ой құшағына шомған. Сөйтіп, «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының ғимаратына қалай келіп қалғанын да сезбегендей.

«Ассалаумағалейкум аға» деп амандық сұрағандарға тоқтай қалып сәлемдесіп, хал-қуаттарын тәптіштеп сұрап, ұзын дәлізбен бірінші қабаттағы жұмыс бөлмесіне қарай беттеді.

Бұл «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ержігіт Нұрханов ағамыз еді».

«Мұнайлы Кенбай – ырысым» деген еңбегімде мен Ержігіт аға туралы суреттемемді осылай бастаппын.

Әрбір адам өмір ағысында сан түрлі жандармен дәмдес, сырлас та сыйлас болады. Олардың арасында үлкен де кіші де, әйел, болмаса ер адамдар болуы әбден мүмкін. Мен де қызмет бабында талай игі жақсылармен таныс болып, өмір жолдарында өзіндік өрнек-айшықтарын қалдырған асыл ағалар мен апалармен жүздесіп, олардың бойларындағы адами асыл қасиеттеріне тәнті болған жанмын.

Солардың бірі-көзі тірісінде қызындай қадірлеп, қарын-

дасындай үлкен сыйластық танытқан, көрген жерде тұра қалып, уақытын бөліп, бала шағамды, жағдайымның қалай екендігін сұрап, ақыл-кеңесін айтып, үнемі «қарағым» деп бауырына тартқан аса қадірлі Ержігіт Нұрханов аға еді.

Ержігіт Нұрханов елінің ертеңіне елеулі үлес қосқан, маңдайға жазған тағдыр тауқыметін көтере білген, талай жақсы-жайсаңмен таныс-дәмдес болған, пенденің маңдайына жазылған қиындық-қызықтардың барлығын бастан өткізген адам.

Бір қарағанда кәдімгі кез келген адамның өмірі тәрізді. Ал тереңірек үңіліп қаузай түссек оның өмір жолының әр тарауы тұнып тұрған тарих, кейінгі ұрпаққа өнеге болатындай бағалы сыр сандық.

Оның өмірі өте күрделі, көп пенденің өміріне мүлдем ұқсамайды.

Біраз ізденген, сан тарау ой-толғанысымды Ержігіт ағаның рухына арнадым.

Өн бойына абзал азаматтың өмір жолы, қызығы мен шыжығы қабаттас жүретін осынау тіршіліктегі жұмыр басынан өткен алуан-алуан оқиғалар топтасқан бұл шығарма, өздеріңізге қарай жол тартты.

Ендеше саралап көріп, ой түйіп, ардақты азамат туралы туындыға сәтті қадам тілеңіз қадірлі оқырман!

Бірінші бөлім

Тағымалы терек тағдыр

«Кімде – кім бала кезінен еңбектің өмір заңы екенін білсе, кімде-кім жас кезінен нан тер төгу арқылы табылатынын түсінсе, сол адам қаһармандық жасауға қабілетті».

Жюль Верн

Әр заманның, сол заманда туған ұрпақтардың көтерер жүгі, маңдайға жазған тағдыры бар. Әркім өз жүгін, өз тағдырының салмағын арқалап кетсе жақсы. Дүниеге шыр етіп келген сәбидің ақ маңдайына алла тағала оның бар тағдырын жазып жібертін көрінеді. Ал, пенде сол маңдайда жазылған жарлықты, мейлі ол бейнет болсын, мейлі зейнет болсын көтеруге міндетті. Көтере алмадың ба құрыдымға кеттім дей бер.

Ұлы Отан соғысының ардагері, мұнай саласына еңбегі сіңген байырғы мұнайшы, «Ембімұнайгаз» ӨФ-ы ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қызмет еткен Ержігіт Нұрханов сол жазымыштың қызығын да, қиындығын да көрген адам.

Ержігіт Нұрханов 1925 жылдың 17 қарашасында сол кездегі Гурьев облысы Бақсай ауданы (қазіргі Махамбет ауданы) Өлішығанақ (қазіргі 16 ауылда) дүниеге келген. Сарайшық селосындағы орта мектепте оқып жүріп, 1941 жылы алғашқы еңбек жолын сол мектептің кітапхана меңгерушілігінен бастайды.

Әкесі Нұрхан Қалбайұлы 1882 жылы туған. Ауыл шаруасы. Жергілікті молдадан аздап алған арабша сауаты болады. 1930 жылы «III Интернационал» атындағы ауыл шаруашылығы артеліне мүше болып кіреді. Өмірінің соңына дейін сол колхозға мүше болады. Анасы Дәмеш Қожахметқызы үй шаруасындағы әйел.

Ержігіттің бестен алтыға қараған кезі. Алаңсыз балалық шақ. Ертелі-кеш шапқылаумен жүрген балғын дәурен. Балшықтан соғылған қараша үйлері өздеріне жұмақтай көрінеді. Әке мейірімі, анасының жан шуағы, ағасының ыстық ықыласы Ержігітті қанаттандырып, еркелігін асырып та жіберетін. Осындай бақытты шақ мәңгілік болсашы!

Сол күні әдеттегідей әкесі, анасы, ағасы төртеуі кешкі астарын алдарына алып жайғаса бастағандары сол еді, есік сарт етіп ашылады да түстері сұп-суық екі адам кіріп келеді. Айшайға қарамай, ешкімге ләм деп тіл қатпастан әкесінің қолын қайырып далаға сүйрей жөнеледі. Балаң көңілді қалтыратып, жұдырықтай балаң жүрегін тіліп өткен осы көрініс Ержігіттің көз алдында мәңгілікке жойылмайтын қара нүкте болып қалып қойды. Бұл 1930-32 жылдар болса керек.

Осылайша Кеңес үкіметінің қуғынына ұшырап, мал-мүлкі, үйлері, басқа да шаруашылық құралдары, көптеген араб тілінде жазылған кітаптары тәркіленіп, бұлардың отбасы Гу-

рьев қаласының маңындағы Балықшылар селосына жер аударылады.

Орта дәулетті деген желеумен арқа сүйер асқар таудай әке осылайша қамауға алынды. Ауру анасы, он беске әлі тола қоймаған ағасы Тұржігіт үшеуі соқадай бастары сопайып, бір-біріне сүйеніп қала барды.

Анасы мен ағасына қоса алты жасқа толмаған Ержігітке де жұмыс жоспарын міндеттейді. Таңның атқанынан күннің батқанына дейін балық тұздап, кептіріп естулерінше аштық болып жатқан жерлерге жібереді-міс.

Тобықтан келер суға толған шалашта жатып, сол жерді мекен етті. Бұлардың жағдайын сұрап, бұлар да адам екен-ау деп жатқан ешкім жоқ. Ұлдарының ақ жем болып, тұзға күйіп қалған кішкене алақандарын бауырына басып жылытқаннан басқа анасы шіркінде дәрмен жоқ. Көнді, бұдан басқа амал да жоқ еді...

«Азапқа толы екі жылдың қалай өтіп кеткенін де сезбеппіз. Сөйтіп жүргенде бізге ауылға қайтуға рұқсат берілді. Кішкене де болса көңілімізге қуаныш ұялап, жүзімізге рең кіргендей болды. Бірақ бәрі біздің ойымыздағыдай болмай шықты. Енді бізді кулактар деп ізімізді аңдып, қит етсе бізді мазалап, сәл нәрсеге сезіктене қарап тыныштық бермеді. Кулак деп жүрген бізде саманнан жасалған жатаған үйден басқа ештеңе жоқ болатын.

Ең жаманы біреулердің саған ұрлана, сезіктене қарағаны екен. Кейбіреулердің шаш ал десе, бас алатындардың сондай жымысқылықтары, қажет деп тапса жанындағы жақындарын да сатып жіберуге дайын екендіктерін көргенде жүрегім өзінен-өзі суылдап, дегбірім қашатын.

Адамдар бір-біріне дос, бауыр деген қағида бар ғой. Дегенмен бабаларымыз айтқандай «көп ішінде ала да, құла да» кездеседі екен. Сәл көзің тайса жардан жығып жіберуге дайындардың бар екендігін де көзбен көргенбіз, көпке топырақ шашудан аулақпын. «Бес саусақ бірдей емес» деген ғой аталарымыз. Талай арпа ішінде бір бидайлар да кездесіп еді-ау, шіркін.

Сөйтіп, біз 1933 жылы әкем босап, отбасымызбен Сарайшық поселкесіне қоныс аударуға мәжбүр болдық. Үлкендерді қайдам, ата-анамыздың қасымызда болғанына мәзбіз. Бізді алда талай шырғалаңдар күтіп тұрғанын қайдан білейік» депті ағамыз естеліктерінің бірінде.

Тарихтан белгілі ол бір заманның аласапыран кезі болған ғой. Халық арасындағы қорқыныш, бір-біріне сенбей күдікпен қарау дегендерің сол тұста өршіп кеткенге ұқсайды. Жан жарасы мен тіршілік тауқыметін қатар көтере жүріп ата-аналары қос ұлының құлақтарына адамгершілік, адалдық сынды пәлсапаларды құя береді. Бар жақсылықтың еңбекпен ғана келетіндігін санаға сіңіріп, бұл кездескен қиыншылықтың күні ертең жойылып бақытты, бақуатты шақтың келеріне көздерін жеткізіп, ер жетіп келе жатқан қос ұланның жандары таза азамат болып өсулеріне жол аша береді.

Белдерін жазып, еңселерін түзеп «әппа» деп келе жатқанда бұлардың от басына тағы да қайғы бұлты өз ызғарын төгеді. Бұлардың тағдыры қауіпке толы болатын. Өйткені, баяғы сол қуғын басылмай-ақ қойған. Ақыры солай болды да, осы жылдың 13 шілдесінде әкесін екінші рет қамауға алады. Бірақ бұл отбасының көрер қиыншылықтары әлі де алда еді.

1938 жыл. Ел іші дүрбелеңге толы. Адамдар жат түгілі жақынынан қаймығатын заманға тап келген халықтың көкейінде басқа сезімнен гөрі қорқыныш басым. Тағы да қара бұлт үйірілді. Бастарын тауға да, тасқа да ұрғанмен одан келер пайда болмады. Ұзынқұлаққа құлақ түргеннен басқа хабар-ошар ала алмады. Өткен-кеткеннен көздері жаутаңдап, көрген біреулер бар ма екен деп үміттене қарағаннан, ешкім де тіл қатып ештеңе айтпады. Сөйтіп жүргенде атуға үкім шығарылып, қайран әке осы қуғынның құрбаны болғандығы жөнінде етиді.

Бұл жолғы кінә арабша сауаты бар Нұрханның құран оқығаны үшін еді. «Молдасың» деген айып тағылып қайран әке артына жаутаңдаумен ауылынан алыстай берген. Сол кеткеннен әкелерінің жарқын жүзін көре алмаған балалары, иығына түскен бел бүктірет салмақты жүкті еріксіз арқалаған жан-жары тағдырмен бетпе-бет, арпалысты өмір ағынында қорғансыз қала береді. Алда не күтіп тұр, бұдан кейінгі тірлік қалай жалғасады? Беймәлім тіршілік...

Бар болғаны он үш жастағы Ержігіт қабырғасы қайысып, өзегі өртеніп тағдырдың басқа салған ауыртпалығын екінші рет көтеруге мәжбүр болды. Талай түндерді көз ілмей ұйқысыз өткізіп, болған істің себебін таппай қиналатын. Тірі пендеге қатты келіп бетжыртысып көрмеген әкесінің соншалықты қандай кінәсі барлығына балаң көңіл баға бере алмай талай түндер дөңбекшіп еді-ау.

«Әкем ешуақытта үкімет туралы жаман сөз айтып, тіпті өзіне қиянат жасағандар жөнінде де аузын ашпайтын. Әр уақытта да өзінің парасаттылығын жоғары қойып отырған. Ақкөңіл, мойымайтын, қандай істі болса да мойнымен көтере

білген әкем, отбасына мейірімді, айналасына қайырымды» еді депті Ержігіт аға естеліктерінің арасында.

Өмір, сол өмірге үстемдік етер уақыт легі тоқтаусыз алға ғана жылжи берді. Бірін-бірі қуалай өткен күндер мен түндер талай сырды ішіне бүгіп үнсіздік танытты.

Сол жылдар жетегінде Ержігіт те есейіп ер жете бастады. Әулетіне түскен қуғын-сүргін тауқыметін көріп, маңдайға жазған қиыншылықтарды көтере жүріп ер жеткен Ержігіт ел басына түскен тағы бір зұлматқа куә болды.

Тыныш жатқан ел шетіне неміс фашистері тұтқиылдан соғыс ашып, ел үшін түлендей дүрліктірді. Ауылдағы азамат біткен сыпырылып, майданға аттана бастады. Халқының басына түскен ауыртпашылықты жеңудің бірден-бір жолы қолыңа қару алып зұлмат жауға қарсы соғысқа аттану екендігін жақсы түсінген Ержігіт, отан үшін кеудесін оққа тосуға шешім қабылдады.

Бар болғаны 17 жастағы балғын бозбала ауылда бірге өскен бір топ жолдастарымен бірге, әскери комиссариатқа өз еркімен соғысқа алу жөнінде арыз жазады. Арызы қанағаттандырылып, ол қолына қару алып қан майданға аттанды.

Ардақта анасы Дәмештің шығарып салып, жүрегі езіліп тұрып: «Ержаным, жолың болсын, ез болма, ер бол, құлыным. Ұлы атаң сенің есімінді бекер ерге теңеп қоймаған. Осыны ұмытпа!» деген сөзі, Ержігіттің мәңгілік есінде, құлақ түбінде күмбірлеп тұратын әуезді ән секілді үнемі жанын елжіретіп тұратын.

Ес біліп, етек жинағалы өмірдің сан алуан қиыншылықтарын шілмиген мойнымен көтеріп, санасын торлаған сан тарау сауалдарға жауап таппай дал болған балаң жігіт

бойындағы бар ашуын мейірімсіз жаудан алмаққа ұйғарды. Сөйтті де тас түйін қалыпта майдан өтінен бір-ақ шықты. Кескілескен жауға өршелене ұмтылды.

Бұл 1941 жыл болатын. Башкирияның астанасы Уфа қаласындағы жаяу әскер училищесінің даярлық курсы 1942 жылы аяқтап, өзінің бар қабілетін соғыстың әдіс-тәсілдерін оқып-үйренуге жұмсайды. Бұл жерден лейтенант атағын алып шығады. Алғашында взвод командирі ретінде 8 гвардиялық армияның қатарында соғысады.

Сталинградты қоршап тұрған 62-ші атқыштар армиясы құрамына жіберіледі. Сол кезден бастап, соғыс аяқталғанға дейін атқыштар армиясын командир Василий Иванович Чуйков басқарады. Еті тірі, үнемі жанары жай оғындай жарқырап тұратын жас жігіт командирдің көзіне бірден түсіп, оны 47-ші гвардиялық дивизияның 132-ші атқыштар полкіне атқыштар взводы командирі етіп тағайындайды. Сөйтіп, Ержігіт төтелей тартқан жауға қарсы ұмтылып, талай соғыста қол бастайды. Баудай қырылған бауырластарының жансыз бейнелерін қара жер қойнына тапсыра жүріп, денелері жат жерде қалған жауынгерлерді көргенде жүрегі езіліп, егіліп кететін. Бірақ бойды кернеген намыс оты жігерлендіріп, елді азат ету, қыршын кеткен майдандастардың кегін қайтару сияқты түйткіл ой оны қайраттандыра түсетін.

Қағаз деген ескіре келе өңі кетіп, үгітілуге шақ қалады екен. Ержігіт ағаның жеке мұрағатынан үлбіреп жыртылуға шақ қалған бірнеше газет қиындылары табылды.

Сол қиындылардағы Ержігіт аға туралы жазылғандардың барлығынан мүмкіндігінше өңін өзгертпей үзінділер алып,

кейбіреулерін сол күйінде осы еңбекке кіргізді ұйғардық. Өйткені жазбаларға Ержігіт ағаның Ұлы Отан соғысы кезіндегі бастан өткен өмір дерегі арқау болған.

Қай басылым екені көрінбейді, С.Ақтаев деп қол қойған «Ер бол, ез болма» атты мақаладан үзінді келтірейік.

«...Соғыс жүріп жатқан майдан шебі еді...

Бірде Ержігіттер жатқан алдыңғы шептің екінші траншеямен байланысы кенеттен үзіліп қалады. Ал екі взводпен ұрыс қимылдарын үйлестіру дереу қажет. Осы сәтте рота командирі жетіп келді де:

– Байланыс болмай қалды. Байланысты кім қалпына келтіреді? – деді ерікті жауынгерлердің өздеріне қалдырып.

– Мен барайын жолдас капитан! – деп Ержігіт тілек білдірді. Командир байланысты қалпына келтіруге офицер барғанын жөн көрмесе де, еркіне қалдырды.

Уақыт тығыз, ал алған бұйрық одан да тығыз еді. Алдымен Ержігіт еңбектеп кетті. Сәл ғана тыныштықтан соң неміс снайпері бір оқ, артынан екінші оқ атты. Командир жермен-жексен болып бұға қалды. Николай да сол нүктенің сол сәтте үнін өшірді.

– Енді сен жылжы! – деп бұйырды Ержігіт қасына келген жауынгеріне.

Николай еңбектей жөнелді. Ол «бөксеңді жерден көтеруші болма» деген командир нұсқауын анық естіді де жерге жабыса жылжыды.

– Токта!

– Осы бұйрықты естісімен-ақ Николай автоматын оң қолына алып, командирінің «жолын» аша бастады.

Ержігіт үзілген сымды жалғайын деп басын сәл ғана

көтере бергенде жау оғы қапылыста бұғанадан тиіп, оны қас пен көздің арасында жаралы етті.

– Командир, сымды мен жалғайын...

Ержігіт сол қолын дыз еткен оң иығына салып көріп еді төрт саусағына едәуір қан білінді. Жалынды жас дене жарақатына қарамай, сымды өзі жалғап, рота командиріне іске қосылғаны жөнінде байланыс арқылы:

– Тапсырма орындалды, енді біздің шегінуімізді қамтамасыз етіндер! – деп өтінді.

Бұл өтініш жөнінде тиісті тапсырма беріліп, жаудың атыс нүктелері үнін өшіргенде Ержігіттер де өз взводтарына қайтып оралды.

Жаралы болып қалса да жауынгерлік тапсырманы мінсіз орындап, байланысты тез қамтамасыз еткені, соның нәтижесінде бөлімшелер байланысы сенімді жолға қойылып, шабуылдың жақсы аяқталғаны үшін взвод командирі Ержігіт Нұрхановқа рота сапы алдында «Ерлігі үшін» медалі салтанатты жағдайда тапсырылады.

– Ер жігіт етіп сені тәрбиелеген ата-анаңа көп-көп рахмет! – деді батальон командирі Ержігітке осы медальді тапсырып тұрып.

– Сонда ұлан ұлдың ойына ауылдағы әз анасының өзін аттандырардағы «Ер бол, ез болма!» деген аналық тілеуі, берген ақ батасы оралған-ды.

...1944 жылдың тамыз айының он сегізінші жұлдызы еді. Бұған дейін талай-талай ұрыстарға қатысып, майдан шебінде азды-көпті тәжірибе жинақтаған аға лейтенант Нұрханов бұл кезде рота командирінің орынбасары болатын.

Таңғы сағат 6-ларда артиллериялық атыстан соң жаппай

шабуыл басталды. Рота командирінің орынбасары бірінші взводтың шабуылын өзі демеп, соларды бастап ұрандап келе жатыр еді.

– Рота командирі шақырады, – деген жедел хабар келіп жетеді. Аға лейтенант командирге келгенде оның қатты жараланғанын, енді қайтып сапта бола алмайтындығын көрді. «Ротаға басшылық етуді өз міндетіңе ал!» деген бұйрық болысымен ол дереу іске кірісіп кетті. Ең алдымен рота командиріне көмек көрсетіп, оны тылға жібертті. Өзекті өкініш өртесе де, ойланып тұратын уақыт жоқ. Жау жақын.

Сәл кейіндеу қалған екінші взводты бірінші взводтың қолдауымен алға жылжытуды, бір топ жаяу әскерлерге қаланың батыс жағындағы тас жолмен бірде-бір транспорт қатынатпай кесіп тастауды бұйырды. Ал үшінші взвод солдаттары вокзалды босатып, онда келген поездарды қатаң бақылауға алуға міндетті болды.

Рота шабуылын қолдаушы қосымша күштер де осындай-осындай нақтылы жауынгерлік тапсырмалар алды. Әртүрлі бөлімшелердегі ұрыс қимылын шебер ұйымдастырудың нәтижесінде Ивановка қаласы белгіленген мерзімінен бұрын неміс фашистерінен азат етілді. Сөйтіп басқа да роталардың елеулі түрде алға жылжуына қолдау-көмек көрсетілді. Бұл операцияға жақсы басшылық жасап, ұрыс сағаттарында рота командирінің міндетін мінсіз орындағаны, ерлік пен тапқырлық көрсеткені үшін аға лейтенант Ержігіт Нұрхановқа жауынгерлік «Қызыл жұлдыз» ордені тапсырылды.

Атыраулық жас командир жігіт бұдан басқа да сансыз ұрыстарға қатысып, омырауына Отан соғысының бірінші дәрежелі орденін, Одесса және Варшаваны азат еткені үшін

медальдарын және басқа да наградаларды қадады. Ол соғыста екі рет жаралы болса да, майданға қайта оралып, Польшаны, Германияны азат етуге қатысты, осылайша халықтық Ұлы Жеңіске өзінің лайықты үлесін қосты.

Ал Жеңісті мамыр айының күндерінен кейін де жалындаған жас жігіт азат етілген жерлердегі советтік коммандураларда қалтқысыз қызмет етті. Балтық теңізі жағасындағы елді-мекендерде болып, борышты әскери қызметін 1948 жылдың наурыз айында ғана тәмамдады.

Ол анасы аманат етіп жүктеген «Ер бол, ез болма!» деген бір ауыз сөзді осылай ақтап шықты.

Ержігіт ағаның майдан өтінде, өлім мен өмір арасында жүрген кездегі басынан өткен бұл оқиға бейне бір көркем фильмдегі көріністер секілді. Ол кісінің басынан осындай ерлік істер өткенін кезінде бірге жүргендер мен оны танитындардың дені білмеген де шығар-ау. Бірақ мұндай ерлік істі кейінгі ұрпақ білуге тиісті, ал сол ұрпаққа жеткізе білу біздің, үлкендердің төл міндеті болмақ.

1968 жылдың 30 мартында жарық көрген «Лениншіл жас» газетінің №64 саны. Әбден тозығы жеткен қиындыда Алматы қаласынан Мифтах Жанткин деген кісінің «Бәріміз де он сегізде едік...» деген, мақаласы шыққан. Мақала бұрышына көгілдір сиямен «Майдандас досым Ержігітке. Мифтах, 3/04 деп қол қойылған.

Аталған мақаланы тебіренбей оқу мүмкін емес. Япырай, арамызда бір кездері аты аңызда айтылатын ерлермен парпар асылдарымыз жүріпті-ау, деген ой еріксіз жаныңды мазалайды. Назар салыңыз оқырман!

«Астанамыздың орталық көшелерінің бірінде бет әлпеті

өзіме өте таныс бір жігітті кездестірдім. Кілт кідірдім де қарай қалдым. Ол да менен екі көзін айырмай тұр. Сол сәтте бұдан ширек ғасырдай бұрын болған көптеген оқиғалар көз алдымнан елес-елес өтіп жатты: майдан шебі, зеңбіректер гүрсілі, «уралап» шабуылға көтерілген ылғи жастар. Таңқы мұрын, қысық көз, қара жігіт. Езу тартып жымия күлуі де сол баяғысындай. «Ия, сол!»

– Ойпыр-ау, Нұрхановпысың?! Тірі екенсің ғой.

Оны қапсыра құшақтап алып, бетінен қалай сүйгенімді білмей қалдым. Ол да мені тани кетті...

* * *

1943 жылғы декабрдің 5-і.

Таң қараңғысында ботальон командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары, егде тартқан, толық денелі капитан майдан шебіне жақын сайдың ішіне бірнеше офицерлер мен сержанттарды, коммунистер мен комсомоларды жинап алып, әңгіме өткізді.

– Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын, жауынгер жолдастар! Советтік Конституция мейрамын бұл жолы біздің ерекше жағдайда атап өтуімізге тура келіп отыр. Полкіміз фашистердің қолындағы Веселое селосын жаудан азат ету жөнінде жауынгерлік тапсырма алды.

Бұл селода дұшпанның ұзақ уақыт мұқият жабдықтаған, темірдей берік қамалы бар. Біздің шолғыншыларымыздың деректеріне қарағанда, онда бетон мен цементтен, ағаш пен топырақтан жасалған атқыштар ұялары былайша айтқанда көптеген доттар мен дзоттар орналасқан. Сіздердің көпшілігіңіз майдан шебіне алғаш келген жастарсыздар.

Біздің құдіретті «катюшаның» даусын әлі естімеген де боларсыздар. Бүгін осы олқылықтың орнын толтыруларыңызға мүмкіндік туып отыр.

Ия, бұдан бірнеше күн бұрын осы даңқты әскер құрамаға біздің эшолонмен жаңадан келгендердің барлығы дерлік 18 жасар жасөспірімдер болатын. Көпшілігіміз Уфа жаяу әскери училищесінде, 4-ші оқу бригадасында бірнеше ай бойы даярлықтан өткенбіз. Тіпті, ресми түрде бізді мерегендер деп те атайтын....

Сол жылы Кеңес армиясы ірі-ірі жеңістерге жетіп, қанпезер жауды батысқа қарай тықсырып бара жатты. Бізді өзінің үлкен жауынгерлік семьясына қабылдаған 8-ші гвардиялық армия Сталинградты қорғауда және Волга жағалауынан жауға жайрата соққы беруде ғажайып қаһармандық істерімен күллі әлемге әйгілі болған құрамалардың бірі еді.

Міне, осы армияның, соның ішінде өз дивизиямыздың кешегі даңқты істері жайлы бізді қабылдауға арналған митингіде ардагерлер аузынан естіген әңгімелеріміз дұшпанмен тікелей айқасқа тезірек араласуға деген албырт ынтамызды бұрынғыдан да күшейте түсті.

Бізді әскери бөлімдер мен бөлімшелерге ажыратқанда Нұрханов екеуміз көп уақыт бойы бірге қала бердік. Алдыңғы шепке қарай аттанар алдында бізді тағы да сапқа тұрғызып, бұдан былай ілгері жүрудің тәртібін түсіндірді.

Нақ сол кезде бір офицер келіп, сапта тұрғандарға: «Кімнің байланыс қызметіне барғысы келеді?» деді. Бұған тілек білдіргендердің бірі Ержігіт Нұрханов. Сөйтіп, ол «байланысшы» болуға кетті де, мен жаяу әскер қатарында қала бердім...

Енді 5-ші декабрьдегі оқиғалар туралы жоғарыда бастаған әңгімемеді қайта жалғастырайын. Өйткені, Ержігітті менің сол кездегі соңғы рет көруім де, оны Отан алдындағы борышын адал орындай жүріп, қаза тапты деп ойлауым да нақ сол күні болған еді.

Міне, дұшпанның бірінші қорғаныс шебіне де келіп жеттік. Тұман басқан бұлыңғыр далада қаша жөнелген гитлершілерді нысанаға алып, атып жатырмыз. Бұл шептегі ұзын ордың бір шетінде жігіттердің біреуі қолдарын көтерген екі «фрицті» тұтқындап алып барады. Окоптың әр жерінде бірен-саран өлі фашистер жатыр. Бізден де шығын жоқ емес. Майдан шебіне өзімізбен бірге келгендердің арасынан кейбір жолдастарымыз жаралы болды. Әнеки, аяғын сүйрете басып, Серьгин кетіп барады. Жаңа ғана немістердің қорғаныс шебіне таяу келгенде татар жігіті Хабибуллин оққа ұшты...

Күн ұзағына жау қамалына талай рет шабуыл жасалды. Бірақ, Веселое селосындағы бекініс оңайлықпен алынар емес.

Түс ауа біздің бөлімшеміз күш жинап, дұшпанға бесінші рет шабуыл жасауға әзірленді. Винтовкамның магазиніне оқты толтырып алып, мен де басқалармен қатар команда күтіп жатырмын.

– Алға шабуылға!

Тұра жүгірдім. Сол сәтте оң аяғымнан біреу темірмен ұрып құлатқандай болды. Басымды көтеріп қарасам, екі аяғым да орнында. Бірақ оң аяғым ұйып, сыздап барады. Анадай жерде қол пулеметінің қасында жатқан екі жігітке қарай еңбектей бердім. Оларға зорға жетіп, оқ тесіп өткен аяғымды бинтпен оратып алдым да, сайға қарай беттедім. Сай ішінде

бейтаныс екі жауынгер мені екі жағымнан көтеріп, медицина пунктіне қарай ала жөнелді.

Батып бара жатқан күннің шапағы ұрыс даласында төгілген қанның сәулесі сияқты болып көрінді. Біресе күн көзіне қарасам, біресе алғы шепке көз саламын. «Жігіттер жау қамалын бүгін ала алар ма екен?»

Бір сәтте көзіме жазықта телефон сымын тартып бара жатқан Ержігіт түсті. Ол жалма-жан жата қалды. Сол-ақ екен оның жан-жағынан жаудың атқан миналары бұрқ-бұрқ жарылып жатыр. Осы бір ала-топалаң сәл баяулағанда Ержігіт қайтадан тұра жүгірді. Ұзаққа бармай қайта жығылды. Бұл жолы ол құлаған жердің төңірегінде жарылған миналар күні бойы қар аралас жауған жаңбырға езілген топырақты қопарып, оны мүлдем көміп тастағандай болды.

...Осыдан қайтып көтерілген Ержігітті қайтып мен көре алмадым. Артыма қанша қарасам да, жауынгерлік ауыр сыннан алғаш рет өткен күнгі осы бір соңғы ауыр сезімді көңілден жоярлықтай ештеңе көзге түспеді. Көп кешікпей бейтаныс достардың демеуімен медицина пунктіне де келіп жеттім.

Әскери оқу орнында талай ай бойы дәмдес болып, майдан шебіне бірге келген жақын досымды сұм ажалға қанша қимасам да, көз алдымда болып өткен сол бір оқиғалар оның тірлігіне күмән туғыза беретін.

Сол кездерде есіме алатын майдандас досым Ержігіт Нұрханов, міне, енді қарсы алдымнан шығып тұр. Ол талай ауыр шайқастарда болса да тірі қалған екен. Жаралы болыпты. Ата жауымен алғашқы айқасты туысқан Украина кең

жазығында атақты қолбасшы, қазіргі Кеңес Одағының маршалы В.И.Чуйков басқарған 8-ші гвардиялық армияның 47-ші гвардиялық дивизиясының құрамында 18 жасында бастаған Ержігіт фашистік Германияның жеріне дейін барып, ұзақ та даңқты жауынгерлік жолдан өткен.

Басқалар сияқты біздің ұлы Жеңісімізге өзінің белгілі үлесін қосқан. Соғысқа қатардағы байланысшы болып араласқан Нұрханов туған еліне офицер болып оралған. Оның омырауындағы үкімет наградалары Ержігіттің өз отанына адал қызмет еткенінің айқын куәлары іспеттес.

Бұрынғы жауынгер бейбіт өмірде де үлкен ерлік істегендей. Соғыстан кейінгі ауыр кезеңде де ол аз уақыт ауылында жұмыс істейді де, Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетіне оқуға аттанып, оның экономика факультетін үздік бітіріп шығады. Қазір ол Гурьевте, Ембімұнай комбинатының жоспарлау бөлімінің бастығы. Ұяң мінезді, қарапайым да қайырымды бұл азаматты жұмыстас жолдастары өте құрметтейді екен.

Әңгімемнің соңында мына бір жағдайды айта кетсем деп едім. Біздің 47-ші гвардиялық дивизияның құрамында қазақстандық жауынгерлер көп болып еді. Олардың көпшілігінің есімдері есімде қалмапты.

Мүмкін осы жарияланған әңгіме майдандас достардың бұдан былай байланыс орнатуларына түрткі болар».

Адам-алдында не күтіп тұрғандығын, ешқашанда болжай алмайды. Мүмкін өмір сонысымен де қызық, сонысымен де тәтті шығар.

Бір таңқалатыным кәсіби мамандығыма орай талай асыл азаматтардың архивтік жинақтарын ақтарып, сан тарау тағ-

дырларымен «сырлас» болдым. Бірақ Нұржігіт ағаның жинағындай бағалы дүниені көрмеппін десем артық айтқандық бола қоймас.

Таза былғарыдан тігілген түрі сарғыш тартқан бүйірі бұлттып тұрған папканы ашқанда, аса ұқыптылықпен салынған ағаның өмір жолының іздері жарқырап-ақ тұрды. Сарғайған парақтарды ақтарған сайын Ержігіт Нұрхановтың қазақ, орыс тілдерін терең меңгергенін, меңгеріп қана қоймай өте әдеби сауатты болғандығын көріп таң қалдым. Сол себепті ағамыздың өз қолынан шыққан кейбір естеліктерінің үзінділерін өңін бұзбай дәл сол күйінде бергенді жөн санадық.

«17-летнием-подростком в конце 1942 года ушел я на войну-тяжелую кровопролитную, которую потом народ называл Отечественной и Великой. Опьяненным победоносным окончанием длившейся 1418 дней и ночей тяжелейшей войны, тогда я, как сверстники мои, ни от каких празднеств, торжествах, парадах, салютах, медалях, льготах и привилегиях не помышлял. «Руки целы, ноги целы, что же еще?». Да, первые послевоенные годы, безоглядно занятые возрождением порушенного народного хозяйства, мы вообще очень скромно отмечали 9 мая. Никаких фанфар и литавр-труд, труд каждодневный подвижнический, без претензий на какой-либо особое вознаграждение «Была бы только Родина богатой и счастливой» пели мы искренно, от души.

На войне так и на войне. Командир Василий Иванович Чуйков меня направил командиром стрелкового взвода на 132 гвардии стрелковой полк 47-гв. дивизии. Наша 62-ая гвардейская армия занимала узкую полосу берега и прилегающую к реке часть города, от которго остались гряда раз-

валин с возвышающимися местами оставами еще не совсем обрушившихся зданий. В этих развалинах и закрепились воины 62-й армий, превратив их в неприступную крепость и героический отражая яростные атаки врага. Одной такой неприступной крепостью последовали знаменитый дом Якова Павлова, гвардии сержанта, командира пулеметного отделения.

Бойцы Павлова удерживали свою крепость четыре с лишним месяца до полного разгрома фашистов 3 февраля 1943 года.

Очевидцем которого я был участвуя в обороне, это находился недалеко берегов Волги, и напротив Мама-Гора, сейчас воздвигнут честь обороны Сталинграда памятник Мамеев Курган. В день наступательных операции. 19 февраля 1943 года я получил первое легкое пулевое ранение в шею и лечился в Армейском госпитале, об ужасах и боях Сталинградской битвы написаны множество документальных и художественных литератур, снято широкомасштабные кинофильмы и т.д.

После Сталинградской битвы 62-й армия за мужества и героизм ее воинов 16 апреля 1943 года была преобразовано в 8-ю Гвардейскую.

Как сказал выше судьба связана с этой армией в составе находились наша 47 гв. дивизия, в них 132 гв.ст. полк всегда были передовых позициях, тем более я командир низкого звена, взвод, отдельных случаях роты приходились многих наступательных, даже разведочных операциях. Судьбой армий забросили на 3-Украинский фронт, составе которого приходились воевать южных-степных зонах Украиныб освобож-

дали города Николаев, Никополь, Кривой Рок и наконец 12 апреля 1944 года г.Одессы.

Город Одесса-красивейший город Украины. Командованием фронта высоко оценено действию нашей части за проведения Одесской операции, за эти ли качества наша 8-ая гвардейская армия летом 1944 года была переведена в состав первый Белорусского фронта нецеленного на Варшаву и Берлин.

Теперь приходились совершенно в других условиях, вести тактику организации и провещения боя, в лесно-болотных землях Белоруссии и Польши.

В июле-августе 1944 г. Войска Армии в составе 1 Белорусского фронта участвовали в Любинско-Брестской операции, а затем форсировали Вислу Южные Варшавы, овладели плацдармом с выходом армии к Висле. В.И.Чуйков по собственной инициативе принял смелое и неординарное решение форсировать мощный водный рубеж с ходу не давая опомниться врагу не дожидаясь переправочных частей. Висла форсировано на подручных средствах в короткое время и войска захватили Магнушевский плацдарм. За плацдарм развернулись ожесточенные бои, где погибли много бойцов и моих товарищей, тоже основном молодежь одногодки, я большой болью вспоминаю их!

Пулеметчик станкового пулемета Васильева Ивана, снайперов Петра Шубалова, Николая Сергеевича, стрелков Генадия Чурина, Еркина Сатимова и других товарищей.

Маршал Советского Союза Г.К.Жуков командовавший тогда 1-Белорусским фронтам вспоминаю: «Надо отдать должное командующему 69 армии В.Я.Колпачкин и командующе-

му 8 гвардейской В.И.Чуйкову. Они с большим искусством и решительностью сражениями за захват и удерживания плацдармов на Висле».

Такие оценки и благодарности командующего фронтам, также относились всем командиром, воинам этих армий. И началом Висло-Одерской операции эти плацдармы стали трамплином войск 1-Беларусского фронта через всю Польшу к Одеру. Во время наступления 14 января 1945 года наша 47 гвардейская дивизия и 132 гв. полк в составе армии освободили город Лодзь (Польша), а еще через две недели вступила на территорию Германии форсировали как всегда стремительно.

Реку Одер и вышло и Берлинское направления. Этот период описываю более подробно, ибо я, находился в гуще событий как очевидцев проходящего военных действиях».

Түсі өңіп, сарғая бастаған дәптер бетіне Ержігіт Нұрханұлының өз қолымен жазылған осы бір естелік баға жетпес құнды жәдігер. Ержігіт ағаның қанды соғыс соқпақтарынан қалған жан тебірентер оқиғаларға толы өмір жолы. Одан әрі Ерекең әңгімесін былай жалғапты:

«Каждый день прихожу на свою работу в кабинет №112 в здании «Эмбаунайгаз» с чувством долга с желанием помочь советом или делом ветеранам пенсионерам Эмбы. Да еще до сих пор не покидают некоторые ощущение вины перед теми, кто не вернулся с поля битвы. До сих пор. Правда, я как и любимый поэт Александр Твардовский вправе сказать:

«Я знаю никакой моей вины в том, что другие не пришли с войны, в том, что-они кто старше, кто моложе остались там. И не о том же речь, что я их мог, но не сумел сберечь, речь не том, но все же, все же, все же...».

Но победа в Великой Отечественной войне остается ныне одной из не многих, если не единственной, духовной ценностью, которая еще поддерживает, объединяет и демонстрирует здоровые силы общества.

Победа добытая 60 лет назад столь дорогой ценой-миллионами человеческих жизней, неизменна и бессмертна.

Поклонимся же, дорогие соотечественники великим тем годам!».

Осылайша толғақты ойын жеткізген Ержігіт Нұрханов өзінің айналасына құрметпен қарайтын, өзінің ғана емес, өзгенің өмірін де құрметтейтін, өз ұлтының асыл ұлы екендігін тағы бір рет дәлелдегендей.

1945 жылдың қаңтарында болған кескілескен шайқаста Ержігіт Нұрханов екінші рет ауыр жарақат алып, госпиталда ұзағырақ емделуге мәжбүр болады. Торға қамалған арыстандай күй кешкен Ержігіттің санасында тек қана жауға қарсы аттану деген ой болды. Ол қайткенде де қатарға қосылып, соғысқа қосылуға әрекет етті. Сол кездегі оның бар арманы, мақсаты да жауға қарсы аттану болатын. Сөйтіп жүргенде 45-ші жылдың көктемі барлық халыққа баға жетпес ұлы сый сыйлады. 1945 жылдың 9 мамыры күні неміс басқыншылары тізе бүкті.

Ұлы Жеңіс!

Талайларды кеміс қылған, баланы жетім, ананы жесір атандырған қанды соғыс бітті. Талай боздақтар өзге елде жер құшып, туған елден жырақта қалды. Кеудені кернеген қуаныш көкіректі қақ бөліп жарып жіберердей. Ержігіт «Жеңіс» деген сөзді естігенде талай жылдар бойы көкейінде тас болып қатып қалған жұдырықтай тас қолқаға енді ғана келіп тіреліп қалғандай тұншығып кеткендей күй кешкен.

Талай жылдар бойы шерменде болып ішінде қатқан ыза мен кек, бойын жазуға мұршат бермей бүрістіре берген. Бар қуатын жиып «уһ» деп ащы күрсінгенде ғана буыны босап, дүние-тірліктің дәмін сезінгендей рахат күй кешкен. Осындай ұлы сәтті Ержігіт майдандастарымен бірге Германия жерінде қарсы алды.

Атақты қаламгер С. Мұқанов:

*Көз жасын көлдей қылған талай елдің,
Сан жетпес, жүректерге қайғы-шердің,
Уын төккен,
Ордасы-жылан-шаян
Фашизмнен тазарды бүгін Берлин! –*

деп өлеңге қосқанындай бес жыл бойы кескілескен жау өз астанасында тізе бүкті.

Ержігіт Нұрханов халықтың аста-төк қуанышын көзбен көргенмен көкіректе қатқан тоң жақын арада жіби қоймайтындай, қайта-қайта терең ойға беріле беретін.

Рақымсыз жауға қарсы аттанғанда үнемі «ерлігіммен әкемді ақтай алсам шіркін» деген бір жасырын ой, оны үнемі мазалап тұратын. Сол мақсаты орындалды ма, әлде жоқ па? Ержігітті мазалаған сұрақтардың бірі осы болатын.

Соғыс біткесін Ержігіт Нұрханов Германияның Восточная Померания, Мекленбург, Штеттен қалаларында бүлінген шаруашылықты қалпына келтіріп мемлекеттік жаңа жүйені қалыптастыру мақсатында советтік әскери комендатурасында үш жыл коменданттың көмекшісі болып қызмет атқарады.

1947 жылдың аяғында ғана туған топыраққа табан тіреді. Кең кеудесінде жарқыраған «Қызыл Жұлдыз», «Бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін», «Жеңіске

қосқан ерлігі үшін» медальдары оның елінің болашағы үшін шайқасқан ерліктерінің куәсіндей жарқ-жарқ етті. Туған елге аман есен оралған жауынгер енді білім алып, ел игілігі үшін қызмет етуді мақсат етеді.

Бейбіт өмірді неден бастау керек? Кеудені езген ауыр жүк салмағы еңсені басқанмен, тіршілік жалғасуға тиісті. Дәм бұйырды, соғыс өртінен аман оралды. Кіндік қаны тамған туған топырағына табаны тиді. Бұдан асқан бақыт бар ма? «Өз елім, өз мекенім, жұмақтай туған жерім» – деп тебіренген жас жігіт үлкен ой үстінде болашақ өмірін жобалай бастады.

Білімі бар болған 9 кластық. Сөйтіп, иығынан әскер шиналы түспестен ол Мәскеудегі мемлекеттік өндірістік банктің қызметкерлерін дайындайтын қысқа курста білім алып, 1947-1953 жылдары Сағыз мұнай кәсіпшілігінде әскери күзет командирі, Ембі аудандық өндірістік банктің инспекторы, инженері, бастығы қызметтерін атқарады. Сөйтіп жүргенде Қосшағыл кенорнында кешкі мектеп ашылғанын естіп, жігерлі жігіт ойланбастан сол мекепті бітіріп, қолына аттестатын алады.

Сол жылдары Ембі кеңшарларында қаражаттандыру-банк салаларында еңбек ете жүріп, мұнайлы Қаратон-Прорва жұмысшы поселкелерін, оларға тартылатын су, газ, мұнай құбырларын салуға қатысады.

1953-1958 жылдары Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай аяқтап, экономист мамандығын алып шығады.

Елуінші жылдары тың және тыңайған жерді игеру туралы жаңа бастама көтеріліп жатқан кез. Одақтас республика-

лардың барлығы бір адамның баласындай болып жұмыла көтерілген бұл бастама да елдік пен ерлікке сын болатын. Ержігіт аға да заманның осы бір көшіне ілесіп, өз қол таңбасын қалдырған.

Тың өлкесін түлетуге бұрынғы кеңестер одағындағы республикалардың барлығынан дерлік жастар ағылып келіп жатты. Осы сапарда қазақ жеріне табан тіреген басқа ұлттардың бұл жерді жерсініп кеткендігі соншалық, жергілікті қазақтармен де, басқалармен де достасып, көпшілігі бір-бірімен отау құрып өсіп-өнді. Сөйтіп, тың өлкесі олар үшін шын мәніндегі отаны болып табылды. Тыңдағы ерлік оларды түлетіп қана қойған жоқ, адамдарды шыңдады, халықтар достығын нығайтты, барлықтарының басын біріктіріп, ортақ мақсатқа жұмылдырды.

Әңгімеміз дәйекті де деректі болу үшін «Прикаспийская коммуна» газетінің 2004 жылдың 22 қаңтарында тың игерудің 50 жылдығы қарсаңында жарияланған Ержігіт Нұрхановтың «Первый костюм-за целинные трудодни» деген мақаласын келтіре кетейік.

«Мне довелось быть участником уборки первого целинного урожая в 1954 году и последующих годах. И я вспоминаю сегодня как это было.

Нас, студентов 2 курса философско-экономического факультета КазГУ-150 человек, досрочно, отозвали с каникул, собрали в Алматы и, погрузив в товарный эшелон, отправили на уборку целинного урожая.

В конце августа 1954 года мы ехали по маршруту Алма-Ата-Чу-Караганда-Акмолинск (ныне Астана). Павлодар конечная остановка. Тогда это был небольшой провинциальный

городишко с одной выложенной бутовым камнем улицей, как наш Гурьев со своей Пугачевской улицей.

Нам, на первый взгляд, он показался невзрачным захоlustьем с деревянными домишками, полным отсутствием заводов и фабрик и без каких-либо коммуникационных сетей, только в центре имелось освещение.

Тем не менее, не сравнишь с нашим краем. Здесь кругом лесные полосы, красивые Баянтауские горные хребты – отроги Тарбагатайских гор, покрытых лесами. Многочисленные ручьи и озера-все это благодать.

Мы студенты-хоть из других краев, но были слышаны, начитаны и знали о батырах, биях, акынах, композиторах, импровизаторах, палуанах, ученых, парвителиях этой земли.

Таких, как батыры Тулебай, Олжабай, бии Торайгыр, Шон, ученые М.Жусуп, Каныш Сатпаев, Султанмахмуд, Шакен Айманов, Жұмат Шанин, Муса Байжанов, Майра Уалиқызы, правители-представители царя-династия Шормановых и многих других. Известно нам было и то, что здесь два раза в год, ранней весной, перед откочевкой на жайляу кочевников, и поздней осенью, перед зимовкой, проводились Керекуские и Кояндинские ярмарки.

Сюда съезжались со всех краев торговые люди со своими товарами. Степняки съезжались привозили скот, шкуры, шерсть, продукты животноводства, а городские ремесленники и приезжие со своими товарами. Мануфактура, одежда, обувь, мука, сахар, чай, пряности обменивались на скот, шерсть, шкуры и т.д.

На эти ярмарки баи, купцы привозили с собой своих акы-

нов, палуанов, импровизаторов, чтобы они от имени своих хозяев восхваляли их богатства и щедрость, и мудрость. Импровизаторы восхваляли род, племя, его знатных людей, иногда участвовали в цирковых представлениях. Такие ярмарки иногда длились несколько недель, пока каждый не реализует свой товар и закупит необходимые на все лето или зиму семье.

И так мы прибыли в Павлодар в начале сентября 1954 года. Сначала нас распределили по районам области, а там по совхозам по 10-15 человек. Какая-то группа направлялась на полевой стан для работы помощниками комбайнеров, прицепщиками, а кого-то и комбайнерами- кто имел опыт в этой специальности.

Нашу группу в 13 человек направили в отдаленный зерносорный ток колхоза «Кзылкогам» Лебяжского района. Наша бригада на току занималась сортировкой, просушиванием, очисткой зерна от мусора, затариванием его в мешки и отправкой зерна на элеваторы.

Комбайны на полях работали круглосуточно, с перерывом только на заправку. За ночь завозили зерно на ток, мы должны были за день его переработать.

А затем шла погрузка зерна на большегрузные МАЗы и КамАЗы. Если мешкотары не было, то погрузка шла прямо в кузова автомашины врассыпную.

В первые целинные годы на уборке урожая было много ручного труда, техники нехватало.

Конечно, работа нелегкая. Но в нашей бригаде были крепкие ребята, отслужившие в армии и поработавшие на производстве. На погрузке работали ребята, а девушки в

основном на просушке, очистке, сортировке и затаривании зерна.

Для проживания разместили нас, семь девушек и шестерых ребят, в бывшем скотном дворе колхоза вблизи хлебного тока. Определили повара и бригадира. Пищу готовили мы сами, продукты предоставлял нам колхоз. Было трехразовое питание. Нередко с фермы привозили молоко и другие молочные продукты, овощи. На топку использовали кизяк. Для освещения ночью и днем для молотилки работал маленький электродвижок.

К счастью, работой тока заведовал бывший председатель колхоза, опытный, знающих технологию зернового хозяйства, специалист Ахмет Иманбаев. Он знал, что к чему, где и что взять и как использовать в дело.

Наш труд оценивался и оплачивался трудоднями, которые начислялись за каждый отработанный день.

Мы работали с утра до позднего вечера весь сентябрь-октябрь 1954 года. За пять дней до отправки для бригады определили общее число заработанных трудодней причитающееся на них количества зерна и вывезли на элеватор с нашими представителями и уполномоченным колхоза. Сколько тонн зерна заработала бригада сейчас не помню. На элеватор наше зерно превратились в деньги. Видимо, свыше было указание рассчитаться со студентами деньгами и в срок.

Наша группа заработала порядка 1500 рублей на каждого, для того времени солидная сумма денег. Мы все купили по костюму. Для нас, студентов, первый целинный хлеб был действительно урожайным.

На целину ехали молодые люди их всех республик быв-

шего Союза. Они приживались здесь и оставались навсегда. Казахстан стал для них самих и их детей Родиной. Я запомнил одну семейную пару переселенцев с Волги 1944-45 годов в Казахстан. Это были среднего возраста, у них было два сына-школьника. Они очень дружили с местными людьми, их дети даже не знали свой родной немецкий и русский языки, а разговаривали только на казахском и учились в казахской школе. Глава семьи работал механиком на току, был хороший человек и опытный специалист. Здесь вырабатывались взаимовыручка, дружба народов, целина служила сплочению народа, нацеливала людей на честный и результативный труд. Люди самых разных национальности делали одно общее и очень важное дело.

Сегодня целина, как известно, житница страны и донор государственного бюджета РК.

Е.Нурханов
ветеран войны и труда

Сөйтiп, тың өлкесiн түлетуге қатысқан, сан ұлттың өкiлдерiн топтастырып, достастырған, тарихқа эпопея болып енген бұл ұлы бастамада Ержігіт ағаның да өшпес iзi қалды. Сол кезде бастау алған тың өлкесi еліміздің алтын қамбасы. Осынау ұлан-ғайыр істің бастамасында Ержігіттей ағаларымыздың жасап кеткен ауқымды жұмыстары кейінгі ұрпақ үшін үлкен мақтаныш, өмірлік өнеге.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2004 жылдың 4 тамызындағы №1432 қаулысымен республика бойынша тың және тыңайған жерді игеруге қатысқандарды тыңды игерудің 50 жылдығына орай, «Тыңға 50 жыл» юбилейлік медалімен ма-

рапаттау жөніндегі қаулысы шықты. Осы қаулы бойынша тыңға қатысқан бір топ жерлестерімен бірге Ержігіт Нұрхановқа да осы марапаттау берілді.

Өмірінің әр жылын тек ерен еңбекке ғана арнаған Ержігіт аға, қоғамға қызмет етуді өзінің төл міндеті санайды. Сол еңбек арқылы ғана ол өзін, өз елінің азаматы саналуы керектігін біледі. Сөйтеді де бар күш-жігері мен алған білімін ел болашағы үшін жұмсайды.

1958-1965 жылдары Күрделі жөндеу басқармасында бөлім бастығы, бастауыш пария ұйымының хатшысы, Жылыой аудандық партия комитетінің лекторы қызметтерін атқара жүріп, қоғамдық жұмыстардың да бел ортасында болады.

Сол замандағы елуінші, алпысыншы, жетпісінші жылдар жылнамада бесжылдықтар жылымен есте қалғандығы белгілі. Қай саланы алып қарасаңыз да бесжылдықтың балғасы солқылдап-ақ тұрды. Бұл тұста Кәрі Ембі қайта сілкінгендей көптеген кенорындары ашылып, екінші тынысы ашылғандай еді. Осындай ауқымды жұмыстың басы-қасында өзіндей атпал азаматтармен бірге Ержігіт ағамыз да жүрді. Тынымсыз еңбек, көздеген меже биіктігін алу барша мұнайшылардың алдындағы тұрған зор міндет болды. Туған топырақтан шығып жатқан ел несібесін төкпей-шашпай ел игілігіне асыру басты мақсат болатын.

Міне, осы жолда мамандар бар біліктіліктерін аямай, бар күш-жігерлерімен еңбек етті. 1963 жылы бірлестікте жоспарлау бөлімінің бастығы, жоспарлау-экономика бөлімінің бастығы болып, жауапты қызметтер атқарған Ерекең өзінің өте білікті, қызметіне адал адам екендігін үнемі іс жүзінде дәлелдеп отырды. Ол қоғам мүлкін өз мүддесінен жоғары

қойып, есеп-қисап төңірегіндегі сауаттылығымен көзге түсті.

1965-1972 жылдары «Қазақстанмұнай» өндірістік бірлестігінде бөлім бастығының орынбасары, бөлім бастығы, 1972-1988 жылдары Балықшы барлау-бұрғылау басқармасында бас экономист, басқарма бастығының экономика-қаржыландыру жөніндегі орынбасары сияқты жауапты қызметтер атқарады.

Бұл Балықшы барлау-бұрғылау басқармасындағы жұмыстардың аса қарқынмен жүргізіліп жатқан кезі. Ержігіт аға да әріптестерімен тізерлес, осы қайнаған істің басы-қасында болады. Тынымсыз еңбек қашанда нәтиже берері сөзсіз.

Қазіргі Ақжар (бұрынғы Бурпоселок) қала типіндегі мұнайшылар қалашығының салынып, сумен, жылу, жарықпен қамтамасыз етілуіне, әлеуметтік нысандар тұрғызуда Ержігіт ағаның да қосқан үлесі қомақты болатын.

Өлкеміздің басты байлығы-мұнай. Бастау тарихы әріде жатқан бұл өндіріс атадан балаға мирас болып, әлі күнге халық несібесіне айналып келеді. Ел іші мұнай-ел ырысы, болашақ бастауы екендігін жақсы біледі. Сондықтан да бабалардан қалған қазына байлықтың төкпей-шашылмай ұрпақ қажеттілігіне асатындығын, сол жолда аянбай тер төгу керектігін, кейінгі жастарға уәж етеді.

Тарихи деректер мен дәйектерден белгілі болғандай мұнайлы өлкеде кадр мәселес үнемі өзекті болатын. Сырттан келген мамандардың білімі мен іс-тәжірибесі пайдаланғанмен, келгендер, кері қайтып оралатын. Өндірісте қалатындар сол жергіліктілер. Оның үстіне жыл сайын емес, күн сайын дерлік өндіріске жаңа технологиялар енгізіліп, жұмыс ырғағының жаңа қондырғылары, әдістері табылып жатты.

Бұл дегеніміз жастар алдына «білген үстіне біле түс» дегендей мақсат қойды.

Кәсіби мамандар дайындайтын сол кездегі Кеңес өңіріндегі оқу орындарының қай-қайсысында да біздің балаларымыз оқып, білім алып, туған ел болашағы үшін еңбек етіп, бар күш-жігерлерін аяған жоқ. Дегенмен, жоғарыда айтып өткендей өз қаламызда да мұнай мамандарын дайындайтын оқу орнының аса қажет екендігіне уақыттың өзі алып келді.

Сөйтіп, білікті мамандардың, оқымыстылардың, басшылардың үлкен қажырлылықтарының арқасында Атырау төрінде Атырау мұнай және газ институты бой көтерді. Бүгінгі күні талай жасқа есігін айқара ашқан бұл оқу орнының беделі, онда дайындалып, еңбек үрдісін жалғастырып жүрген мамандардың білім дәрежесі мақтана тұрып әйгілеуге тұрарлық. Әлемді аузына қаратқан алып Теңіз кенішінің ашылуында да Ержігіт ағаның қосқан үлес салмағы қомақты.

Осындай ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалатын иманды істің жанында партия ұйымының хатшысы бола жүріп, Ержігіт ағамыздың да айшықты ізі қалды. Осылайша үстемдік еткен мәртебелі уақыт жетегінде Ержігіт аға самайының бұрыл тартып, жасы түскірдің «есейіп» қалғандығын сезбепті де.

1988 жылдың мамырынан бастап Ержігіт аға құрметті еңбек демалысына шығады. «Ұзақ жылғы төккен тердің жемісін көріп үлкен кісі енді бір демалатын шығар» деген үмітпен балалары да мәз болып, әкелерінің бір тыным тапқанын қалайды. Қайдан десеңізші, ақсақалдаң жұмысы енді басталғандай, ағамыз белді буып алып қоғамдық жұмыстардың ортасынан табылды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін көп ұзамай «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының соғыс және ардагерлер кеңесін басқара бастайды. Бұл кеңестің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, азаматтық кодексіне, қоғамдық бірлестіктер туралы заңға сәйкес, тең құқықтық, өзін-өзі басқару және жариялылық негізінде құрылады.

«Адам бойындағы бақ пен талап ұштасқанда нағыз еңбек нәтижесі көрінеді. Бұған қоса сол еңбек сапында кездескен білікті, адамгершілігі жоғары адамдар бақытыңды ашады, сенің еңбекке, жалпы өмірге деген көзқарасыңды, құлшынысыңды дамытады.

Мен осы жасыма дейін осынау өмірдің талай белестері мен қыраттарын артқа қалдырдым. Жақсыны да, жаманды да көрдім. Бұл адамзатқа тән қасиет. Өмір еш уақытта бір беткейлі болмайды. Сол өмір соқпақтарында талай жақсылармен тағдырлас, дәмдес болыппын. Осынау өмірдің маңдайға жазған жақсылықтарын бірге көріп, бірге бөлісіппін.

Меніңше адам айналасындағы дос-жолдастарымен, қызметтестерімен жүре бара бір туған бауырластай болып кетеді екен. Өмірдің қызықты тұстарынан гөрі қиыншылықтарын көбірек көргеннен кейін бе, әйтеуір өз басым қасымдағы жігіттердің жақсы жақтарын көбірек көретінмін.

Мұнай-ел несібесі. Кәрі Ембі бауырынан өнген «қара алтында» есеп жоқ. Осы қазынаны игеру жолында таныс, жолдас болған азаматтардың дені өкінішке орай қазір ортамызда жоқ. Олардың жүріп өткен жолдары даңғыл, жасап кеткен істері асыл еді ғой, шіркін» деп Ержігіт ақсақал бір кездескенде менімен осылайша ой бөлісіп еді.

Жасы сексенді алқымдаса да сөзі ширақ, ойы зерек Ержігіт

ағаның жаныңды баурап алатын әңгімесін талай естіп едім. Әсіресе майданда болған кездері, қыршынынан қиылған сол кездегі өзімен жастас жауынгерлердің оққа ұшқандары, жараланып, кемтар болғандықтары туралы айтқанда, бала болса да қуғын-сүргін сұмдығын көре қалған сәттеріндегі естеліктерін еске түсіргенде сіңірлі қолдары бір сәт дір етіп барып басылатын. Ол кісінің естеліктерін тебіренбей тындау мүмкін емес еді.

Үлкенге құрметпен, кішіге зор ықыласпен қарайтын ақсақал, қашанда бурыл шашын шалқадан қайырып, нендей мәселе төңірегінде болсын сыр бөлісуге даяр тұратын.

Ержігіт Нұрханов көп бейнеттің зейнеті дегендей соғыс және еңбек ардагері ретінде құрметті еңбек демалысына шыққанмен саналы өмірінің 40 жылын өндіріске берген Ерекең, зейнеткерлікке шығып, тып-тыныш жата беруді мақсат етпеген. Сол қанына біткен тынымсыздық оның еңбек сапынан шығуына мүмкіндік бермеді.

«Шыбын жанына тыныштық бермейтін, беймаза жан» деп әріптестері бекер айтпаса керек, бұдан кейін ақсақал «Қазақ-ойл-Ембі» ААҚ-ы ардагерлер кеңесін табандай 20 жыл басқарды.

Қоғамдық өмірдің қай саласында болсын дәл ортадан табылатын ақсақал тек мұнайшылардың ғана емес елінің құрметіне бөленген жан. Алқалы жиындарда ел мүддесі, ардагерлер жағдайын жақсарту, жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз ету, қамқоршысы жоқ зейнеткерлерді қамқорлыққа алу сияқты құнды пікірлер айтып, қайнаған қызу еңбек ортасында жүретінінің талай куәсі болғанбыз.

Құрамында 1800 зейнеткері бар қоғамдық ұйымның 50-і

соғыс және еңбек ардагерлері. Ал қалғандары соғыс кезінде еңбек еткендер. Осыншама зейнеткердің жағдайларының жақсы болып, өмір көшінен қалмауы жолында Ержігіт аға аянбай тер төкті. Басшылармен екі арадағы байланысты үзбей, екі араға дәнекер болып, зейнеткерлер ұйымының жұмысын алға апаруда, олардың жоқ-жітіктерін шешуде көп еңбек сіңірді.

Бүгінгі зейнеткерлердің кешегі білікті мамандар екендігін ескеріп, олардың ұзақ жылғы іс-тәжірибелерін ортаға салып, өндіріс қажеттілігіне жарату мақсатында жас мамандармен кездесулер ұйымдастырып, ұлағатты іс тындырды.

Алқалы жиындарда алға шығып көзі көріп, құлағы естіген өзекті мәселелер жөнінде ойын батыл жеткізе білді және оларды шешу жолдарын да көрсетіп отырды. Осылайша абыз аға 20 жыл өмірін осы ардагерлермен атқарған қызметіне арнады. Сонда бір салада 60 жыл, 40 жылын өндірісте, 20 жылын ардагерлер кеңесінде еңбек еткен ағамызды «абыз аға» демеске бола ма?

Ол көзі тірісінде осы жұмыстардың басы-қасында жүрген кезінде қоян-қолтық жұмыс жасап, қашанда қасынан табыла білген О.Есқазиев, А.И.Болдырев, С.Сисенғалиев, Л.Хари-тонова, Т.Ізтілеуов, Н.Ғазизова сияқты қоғамдық жұмыстарды белсенділік танытқан әріптестерін үлкен құрметпен айтып отыратын.

Ерекең басқарған қоғамдық ұйым қашанда қырағылық танытып, мұнайшылар өмірінде болып жатқан істердің қай-қайсысынан да қалыс қалмай бел ортада жүрді. Сол себепті де үнемі есігі айқара ашық бұл қоғамның облыстың қоғамдық өміріндегі шоқтығы биік орындардың біріне саналды. Шаш-

тарын қырау шалған ағаларымыз бен апаларымыздың қаздай тізіліп, алдарындағы газет жиынтықтарына үңіліп, қызу еңбек үстінде отырғандықтарының талай куәсі болғанымыз рас-ты. Телефоны да екі иінінен демалып, қоңыраулатып, біртанымы таппайтын. Соның бәріне үлгеріп, бәрінің көңілін тауып, қабақ шытпастан қастарында Ерекең жүретін еді-ау.

Алдымызда тағы да Ержігіт Нұрхановтың жеке мұрағаты. Сап-сары болып тозығы жеткен қағаздардың бетінде қолмен жазылған айкүш-ұйқыш жазуларға үңіле түске сайын, бір нәрсеге құнығып кеткендей тереңіне бойлай бересің, бойлай бересің. Бұл жазушыларға тән қасиет болса керек. Мен де дәл солай қолымдағы бояуы кете бастаған қағаздарды аялай ұстап, ағаның өмір деректеріне шұқшия түсемін.

Жоғарыда айтқандай, қолға іліккен ағаның өз қолымен жазылған кейбір құжаттардың өңін өзгертпей сол күйінде оқырманға ұсынып отырмыз.

Өйткені, бұл құжаттарда елін сүйіп, халқын дәріптеген азаматтың діттеген мақсаты, оны шешу жолдары, қысқасын айтқанда өзіндік қолтаңбасы бар. Ендеше назар аударыңыздар:

Облыстық ардагерлер ұйымының екінші пленумында жасаған баяндамасы.

Ардақты ардагерлер, мырзалар!

Бұдан 58 жыл бұрын 9-шы мамыр күні 4 жылға созылған ең ауыр, ең қиын Ұлы Отан соғысы біздің тарихи жеңістерімізбен аяқталды. Совет халқы бүкіл Отанымызды, бүкіл Қазақстанды, бүкіл Еуропа халқын барлық жержүзі халықтарын фашистік Германияның басқыншылығынан құтқарды.

Мен Сіздерді Ұлы Отан соғысының 58 жылдығы мереке-сімен құттықтаймын!

Мен Сіздерді Ұлы Отан соғысына қатысқан барлық жауынгерлерді, барлық тыл еңбеккерлерін аса зор Жеңіс күнімен құттықтап, Сіздерге зор денсаулық, жанұяңызға бақыт, өмірде байлық тілеймін және Сіздердің жаңа табысқа жетулеріңізге тілектеспін.

Қазақстан Республикасының Ардагерлер ұйымы құрылып, содан бері қарай «Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестік болып келеді. Өткен жылы біз оның 15 жылдығын атап өттік.

Облыстық ардагерлер ұйымының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Азаматтық кодексіне, қоғамдық бірлестік заңына және басқа да мемлекетті заң өкілдеріне, ұйым мүшелерінің ерлікке, тең провалы өзін-өзі басқару және жариялылық негізінде құрылған.

Осы міндеттерге сай Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымының Атырау облыстық, қалалық және жеті аудандық кеңестері жұмыс жасап келеді. Ардагерлер ұйымының негізін бастауыш ардагерлер ұйымдары құрайды. Атырау қаласында – 26, Балықшы аймақтық – 8, Индер ауданында – 7, Исатайда – 7, Құрманғазыда – 16, Қызылқоғанда – 9, Махамбетте – 10, Мақатта – 5, Жылыойда – 9 бастауыш ұйымдары бар.

Ал облыс бойынша соғыс және еңбек ардагерлерінің саны қырық мыңға жетеді. Осы санаттағы ардагерлердің барлығы да облыстық кеңесте бірінші кезекте қамқорлыққа ие болып отырған адамдар.

Облыстық ардагерлер кеңесі және қалалық, аумақтық, аудандық филиалдар, бастауыш ұйымдар өздерінің практи-

калық ісінде мынандай мақсат көздеп және оларды жүзеге асыру үшін қал-қадірінше жұмыстанып келеді.

Олар мыналар:

– ардагерлердің өмірінің барлық жағдайын (материалдық, медициналық, тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық) жақсарту жөнінде қамқорлық жасау;

– зейнетақымен қамтамасыз ету және түрлі жеңілдіктер жөніндегі заңның орындалуына белсенді жәрдемдесу;

– жастарды Отансүйгіштікке, жас ұрпақтың жан-жақты үйлесімді дамуына тәрбиелеуге көмектесу;

– отан қорғаушыларды мәңгі есте сақтау мұражайларды, ескерткіштерді және мемориалды күту және сақтауға ат салысу;

– Ұлтаралық және Конституциялық келісімді нығайтуға көмектесу;

Облыс ардагерлері осы міндеттерді жүзеге асыруда, әсіресе аға ұрпақтың тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытында басшылардың көмегімен, ірі-ірі өнеркәсіп орындарында бұл мәселеге түсініктілікпен қарап, нәтижесінде бірқатар игілікті істер жасалды.

Өткен 2001 жылы облыс әкімінің шешімімен 2000-ға жуық күнелтісі төмендеп кеткен отбасылардың ұзақ уақыт бойы жинақталып қалған коммуналдық төлемақысынан бережақтарын жергілікті бюджет есебінен өтелді. Бұған қоса Атырау қаласында жылу жүйесінде тарифтар шамадан тыс артық белгіленіп, тұрғындарға көрер көзге қиянат жасалып келген-ді. Осы жолсыздық түзетіліп, төлемақы мөлшері біраз азайтылды.

Үйлерінде телефоны жоқ барлық соғыс ардагерлеріне телефон орнату жүзеге асырылып келеді.

Облыс әкімінің шешімімен Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен дербес зейнеткерлерге айына 2000 теңге зейнетақысына қосымша жәрдемақы тағайындалғаны елдің көңілінен шыққан өте бір игілікті шара болды. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін барлық ауруханаларда арнаулы палата бар, мұнда соғыс ардагерлері тегін емделеді.

2001-2002 жылдары Жеңіс күні қарсаңында Ұлы Отан соғысына қатынасқандар «Ока» автокөлігін тегін алды. Бұл акцияға «ТШО», «ОКИОК», «КТК», «Ембімұнайгаз» және басқа да шетелдік компаниялар филиалдары қажетті қаржы бөлді.

Ал биыл соғыс ардагерлеріне 10 мың теңгеден қаржы бөлініп отыр.

Ұлы Жеңістің жыл сайынғы дәстүрлі мерекесі қарсаңында облыстық кеңес соғысқа қатысушылармен оларға теңестірілгендерге ерекше көңіл бөлуді сұрап жергілікті ақпарат құралдары арқылы, барлық кәсіпорындар мен мекеме басшыларына Үндеу жариялады. Бұл бастама да айтарлықтай нәтиже беруде.

Мемлекет тарапынан соғысқа қатысқандар мен тылда еңбек еткендерге, солдат жесірлеріне түгелдей бөлінген қаржыдан басқа, облыс, қала мен аудандық әкімдер мен жеке кәсіпорын, мекеме басшыларының жеке қабылдауынан жоғарыда аталған санаттарға бірде-біреуінің тыс қалмауын қадағалап отырамыз.

Бұрын зейнеткерлікке шыққан кәсіпорындар мен мекемелерді тарап кеткен ардагерлерге қалалық, аудандық әкімдіктер арқылы қазіргі жұмыс жасап жатқан кәсіпорындар мен мекемелерге міндеттеліп келеді.

Осындай қабылдануында толық емес мәліметтер бойынша тек былтырдың өзінде Атырау қаласында 819 адамға – 4,0 млн. теңгеден артық, Жылыой ауданында 301 адамға – 2,0 млн., Қызылқоға ауданында 99 адамға – 1,2 млн. көмек көрсетілді. Осындай шаралар басқа аудандарда да жасалынды.

Сондай-ақ осы категориядағы адамдар автобуста да тегін жүреді. Көп қабатты үйлерде тұратын ардагерлердің пәтерлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қала бюджетінен 30-40 мың теңге қаржы бөлінеді. Мұндай игілікті істер аудандарда да, кәсіпорын, мекемелерде де бар.

Мысалы, «Ембімұнайгаз» АҚ-ы барлық зейнеткерлерге 7-8 мың, ал соғыс ардагерлеріне 10000 теңгеден көмек беріп отыр. «Атырау мұнай өңдеу зауыты» 5000 теңгеден бөліп отыр. Осындай акцияларға «Атырау теміржол бөлімшесі», «Атырау балық» АҚ-ы, Құрманғазы ауданы «Мақаш» кооперативі және басқа да ұйымдар атсалысып келеді.

2002 жылы облыстық ардагерлер кеңесі «ТШО» мекемесінің алдына тұрмысы нашар ардагерлерге бір жолғы демеуші ретінде көмек көрсету жөнінде мәселе қойып, шартқа отырдық. Бұл көмек облыстық кеңес президиумының қаулысымен қалалық, аудандық филиалдарға бөлініп, ардагерлердің мына санаттарына тиісті деп атап көрсетті:

1. Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза тапқан жауынгерлердің тұрмысы төмен жесірлеріне арналады.
2. Ұзақ мерзімнен бері қарай төсек тартып жатқан, ем алуға кететін шығындары көп адамдарға.
3. Қамқоршысы жоқ, тұрмысы төмен адамдарға.
4. Коммуналдық тұрмысы төмен, жағдайы нашар, бере-

жақтары көбейіп кеткен, оларды жуық арада өтеу мүмкіндіктері жоқ ардагерлерге.

Орталық кеңестен «Қазақ жерінің зиялы азаматтар» атты кітап сериясы шыға бастады. Облыстық кеңес аудандармен байланыс жасап 27 адамның бұл кітапқа кандидатурасы ұсынылды. Материалдар толықтай дайын.

Облыстық ардагерлер ұйымының ішінде Индер, Құрманғазы Қызылқоға, Жылыой аудандарының ұйымдары жақсы жұмыс жасап келеді. Ал бастауыш ұйымдардан «Ембімұнайгаз», «Атырау балық», «Теміржол», «Атырау мұнай өндеу зауыты», «Мақаш» кооперативі», «Жайықмұнай» басқармасы басқа да орындар нәтижелі жұмыс жасап келеді. Тағы бір айта кететін нәрсе, қазір облыстық ардагерлер кеңесі озат бастауыш ұйымдардың іс-тәжірибелерін насихаттауға жұмыстанып жатыр.

Алайда, кемшіліктер де жоқ емес. Аудандық, қалалық кеңестерге барып, қолма-қол көмек көрсетулеріміз нашар. Ұлы Отан соғысында жеткен Жеңістің 60 жылдығына дайындық жұмыстарын жүргізуіміз керек. Соғыс ардагерлерінің мұқтаждары осы мерекеге дейін шешіліп бітуі керек деп ойлаймын. Әрине, бұл үшін жан-жақты жұмыстар жасалуға тиіс.

Сіздерді Ұлы Жеңістің 58 жылдығымен құттықтап, зор денсаулық, отбастарыңызға мол бақыт тілеуге рұқсат етіңіздер!»

Қарт жауынгер өз баяндамасын осылайша аяқтапты. Ден сала қарасаңыз баяндаманың өн бойында халық қамы сөз болған. Жанын шүберекке түйіп кезінде от ортасында болғандардың бүгінгі қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған за-

манда бақуатты тұруларына ат салысқан. Бұны азаматтық демей көріңізші?

Ержігіт ағаның мұрағатынан тағы бір құжат көзге түсті. Ұсыныс өз қолымен жазылған, қағаз әбден сарғайып, тозығы жеткен. Бірақ сарғайған қағаз бетінде көтерілген мәселе өте өзекті. Өкінішке орай қай құзырлы органға берілген өтініш екендігі анық емес. Бірақ ұсыныс мәтініндегі ел арасында «тынымсыз жан» атанған ағамыздың айналасына деген тағы бір қамқорлығы көрініп-ақ тұр.

«Қазақстан азаматтарын әлеуметтік қорғау мәселесіне келгенде ең алдымен зейнеткерлерді қорғау, әлі де күн тәртібінен түспей тұрған жай.

Зейнеткерлердің көпшілігі өндіріс саласында 35-40 жылдан еңбек етіп, бүгінде жол айырығында қалған жандар. Көбінің сүйенері жоқ, мардымсыз зейнетақы. Өмірлік қажеттіліктің 20 пайызын да қамтымайды. Әсіресе алдыңғы буын өкілдері, 1985-88 жылдары зейнеткерлікке шыққандар. Алатын зейнетақылары 3,5-4 мың теңге көлмінде. Ал тіршілікке қажетті азық-түлік, дәрі-дәрмек, емделу шығындары, коммуналдық төлемдер сияқты қажеттіліктер 10-15 мыңды құрайды. Зейнеткер бұл күнде қайыршылық жағдайда, әсіресе қала халқына қиын, айнала жұмыссыздық. Бұрынғы зейнетақының мөлшері 132 рубль болғанда, сол кездегі еңбекақының 75 пайызын құрайтын. Қазіргі көрсеткіш 15-20 пайыз ғана. Қаншама уақыт өтсе де зейнетақыға үстеме төленген жоқ.

Президент пен Үкімет жыл сайын ақпарат құралдарында үстеме болады деп хабарлайды. Инфляция қандай болғаны әркімге де белгілі. Халық қаражатын жаңа валютаға аударғанда бір доллардың құны 3-7 теңге болатын. Бүгінгі күні

146-147 теңгеге жетті. Сонда инфляция қанша есеге өсті, бірақ зейнетақы сол күйінде.

Зейнетақы туралы халықаралық хабарларда айтылып та, жазылып та жатады. Бірақ оған құлаққағыс жасап жатқан Президент те Үкімет те жоқ. Міне осындай жағдайда қарттар Үкіметке сенімсіздік білдіреді. Әсіресе кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде 12-14 жасынан буыны қатпаған, аяғының астына жәшік қойып, станокта тұрып оқ-дәрі жасаған жауынгерлердің бүгінгі күнгі ең жасы 70-те, алды 80-85-те. Қағаз жүзінде бұлар кешегі Отан соғысының ардагерлерімен теңестірілген. (указ Президента №2247 от 27.04.1995.) Бірақ бұл указдың шешімін жойды. Соғысқа қатысқандардың ең жасы бұл күнде 76-77-ге келіп отыр. Көбісі төсекте жатады, денсаулықтары нашар, емделуге қаражаттары жетпейді.

Баспасөз беттерінде облыстық, қалалық әкімдіктер мен мәслихат отырыстарында тарифтер жөнінде де әңгіме көп. Бірақ әзірге шешіліп жатқан ештеңе көрінбейді. Коммуналдық қызметтер түрлеріне қойылып жатқан тарифтер және оларды мезгілінде тарату тәртібі көбіне сақталмайды. Бірақ ақыны есептеу жүріп жатады. Тарифті бекітіп оны есептеп тұрмыста қолдану қызмет көрсетушілердің құзырында болғандықтан, осында дұрыстық жоқ-ау деген ойға қаламын. Тариф мөлшерінің тоқсан сайын өсіп тұруы сенімсіздік туғызады. Бұл жағдай тұтынушылардың төлем қабілетін төмендетіп отыр.

Менің ойынша мұның бәрі ақының түрлі қызметтер бойынша осылайша тұрақсыз өзгеріп отыруы, қызмет көрсетушілердің жұмыстарындағы жүйесіздіктен болып отыр. Шығындарды құрастырушы, бекітуші өздері болғандықтан

да болуы мүмкін. Бұл жерде антимонополиялық комитеттің қандай құзыры бар?

Қазір шүкір, еліміздің экономикасы тұрақтады, қаражат жетеді деп жатырмыз. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы да жақын. Осыған орай мынандай ұсынысымды білдіремін:

Зейнеткерлер заңын қайта қарап, зейнеткерлікке шығу стажын бұрынғы қалпына қалдырып, зейнетақы мөлшерін елдегі орташа еңбекақының 1,3 құрағаны жөн;

Ұлы Отан соғысына қатысқандарға және еңбек майданының ардагерлеріне арналған Президент указын (№2247 от 27.04.01995.) қалпына келтіру;

Зейнеткерлердің, соның ішінде көп балалы жанұяларды әлеуметтік қорғауды одан әрі күшейтуін заңдастырып, әр ұйымда меншік түріне қарамастан бұрын сол мекемелерде ата-анасы еңбек еткен мүгедек жандарға қамқорлықты ынталы түрде жүргізу міндеттелсін;

Жекешелендіру купондарымен бұрынғы салымдар тағдыры туралы Үкімет пен мәслихат керекті заң шығарып, купондарға дивидент, салымдарға өтемақы қамтамасыз етуі керек.

*«Қазақ Ойл-Ембі» ААҚ-ы
ардагерлер кеңесінің
төрағасы Е.Нұрханов.
11.06.2001 жыл.*

Қарақан басының қамы үшін емес, басқа зейнеткерлердің жақсы өмір сүрулері үшін осылайша жанын сала еңбек еткен, тиісті орындарға олардың талап-тілектерін жеткізе білген

Ержігіт аға, әр сөзін, әрбір ойлары мен көзқарастарын осылайша мағыналы түйіндеген. Қарапайым тілмен назарға беріп отырған. Осының өзінен ол кісінің өте сауатты, көкірек көзі жарқын, заман өзгерістерін толықтай қабылдап, қиыншылықтардан шығу көздерін іздестіріп, жетістіктерді дер кезінде бағалай білген асқан зеректігін көреміз.

Ілкіде «Ембімұнайгаз» тресі, кейін бірлестігі, одан әрі «Қазақойл-Ембі» ААҚ-ы, кейін «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалы болып сырты түрлене берген бұл ірі өндіріс орнында сан мыңдаған еңбекшілер еңбек етті, әлі де еңбектеніп келеді. Қазіргісін қайдам, акционерлік қоғам болып тұрған кезінде бұл кәсіпорындағы атқарылған қоғамдық жұмыстар, соның ішінде жас мамандарды биік рухта тәрбиелеу жұмыстары қомақты болатын.

Аға буынның көрегендігін әйгілейтін жазылмаған заңдылықтың бірі осы жастарға бағыт-бағдар беру болатын-ды. Осы орайда, Ержігіт аға басқарып отырған аталған қоғамның ардагерлер кеңесінің атқарған істері айтуға да мақтануға тұрарлық болғандығын көзбен көріп, қолмен ұстағандай болғанбыз. Сөзіміздің дәлелі, «Қазақойл-Ембі» ААҚ-ы ардагерлер кеңесінің «Жас ұрпақты ерлік және еңбек дәстүрлеріне, сондай-ақ патриоттық рухта тәрбиелеу жұмысы туралы» Е.Нұрхановтың жасаған баяндамасы. Ержігіт ағаның атқарған жұмыстарының қыр-сырының одан әрмен әрлеп айшықталуы бұл баяндамада да айқын көрініп тұр.

«Қазақойл-Ембі» ААҚ-ың ардагерлер кеңесі мұнайлы өлкеміздің астанасы атанған Атырау қаласында және осы облыс көлеміндегі Жылыой, Мақат, Қызылкоға, Исатай аудандарында тұратын үш мыңнан астам зейнеткерлердің басын

біріктіріп, олардың әрқайсысының қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып келеді.

Әр ауданда қала берді жергілікті жерлердегі мекемелер жанында бастауыш ұйымдарымыз тұрақты жұмыс жұмыс істейді. Міне, осылардың барлығы дерлік кейінгі жас ұрпаққа патриоттық рухта тәлім-тәрбие беріп, мұнайшы деген қастерлі мамандыққа баулуда бірқатар үгіт-насихат жұмыстарын аянбай жүргізуде.

Әсіресе, осыдан үш жыл бұрын Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 100 жылдығын ұлан-асыр тойлау қарсаңында ойдай шаралар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, осынау мұнайлы өңіріміздің тарих жылнамасына алтын әріптермен жазылған ерлік және еңбек шежірелері жайлы қала жұртшылығы алдында, аудан мұнайшыларымен бас қосқан алқалы жиындарда, мектептер мен мұражайларда аға ұрпақ өкілдері өндіріс орындарында еңбек етіп жүрген жас жігіттер мен қыздарға, басқа да жасөспірімдерге бірқатар естеліктерін аса тебіреніс үстінде айтып берді. Керек десеніз, өз өмір жолдары, көрген бейнеттері төңірегінде нақты мысалдар келтірді.

Енді бірқатар зейнеткерлеріміз республикамыздың мұнай өнеркәсібін өркендетуге қосқан жекелей үлестері жайында сан алуан естеліктер мен кітаптар жазып қалдыруда.

Солардың ішінде бұл күнде 75-тің жотасына келген ардагер-мұнайшы, бірнеше жаңа кен орындарын ашуға тікелей қатысқан Қожыбай Игілік тегі, көрнекті ғалым Таумыш Жұмағалиев, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының иегерлері Мақаш Балғымбаев, Орынғазы Есқазиев және басқалар ел өмірі, жер жағдайы жайлы бірнеше кітаптар шығарды. Бұқаралық ақпарат құралдарында Ембі мұнайшы-

ларынның ерлік еңбегін мадақтаған мақалалар, естеліктер мен қолжазбалар жиі-жиі жарияланып жүр. Қазақстан мұнайының 100 жылдығы қарсаңында ойға оралған оңды шаруа-Дина Нұрпейісова атындағы Мәдениет сарайы қайта құлпырып, оның жанынан мұнайшыларға арналған мұражай ашылды. Оның да осы заманға сай өрнектеліп, безендірілуі ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

Ардагерлер кеңесінің ықпалымен дүниеден озған әріптес ағайындарымыздың артында қалған жәдігерлік бұйымдары үйлерінен алдырылып, бірқатар мұнайшы әулеттеріне жеке-жеке мүйіс ұйымдастырылды. Мұнайшы, барлаушы-бұрғышы деген қастарлі мамандықтарды уағыздайтын көрнекі үгіт құралдарымен жылдан-жылға толықтырылып келеді. Әсіресе, Ұлы Отан соғысының от-жалын жылдары тұсындағы ерлік еңбектің шоқтығы тым биік.

Екінші бір елеулі оқиға-ежелгі Ембінің қарашанырағы атанған Доссордың 90 жылдық торқалы тойы да ел өмірінде ерекше әсер қалдырды. Бұл тұста өз өлкеміздің перзенттері Нұрлан Балғымбаев, Махамбет Батырбаевтар қолдан келгеннің бәрін істеп бақты. Соның арқасында байырға кәсіпшіліктің кескін-келбеті бір күнде адам танымастай өзгерді. Бәрінен бұрын әлеуметтік салада ойдаы іс атқарылды. Соны да кейінгі жастар біле жүрсін деген ниетпен қарымды қаламгер, өз жерлесіміз Сабыр Өтепбергенов «Доссорда шәй құяды Гүлжансара» деген әп-әдемі кітап шығарып үлгерді. Оны доссорлық мұнайшылар жылы қабылдап, тұсаукесер рәсімінде авторға, оның зайыбына бірқатар сый-сыяпаттар көрсетті.

Тағы бір айырықша тоқталатын жайт, осы торқалы тойдың

алыстан ат арылтып келген қадірменді мұнайшылары Сафи Өтебаев пен Қуаныш Құдабаев жастары 80-90-нан асқандарына қарамай талай қызықты кездесулердің ішінде болды. Өткен-кеткен тарихты, өздерінің өмір жолдарын кейінгі ұрпаққа мөлдіретіп айтып берді.

Аталмыш қоғамның ардагерлер кеңесі тек ерлік және еңбек дәстүрлерін ғана алға тартып қоймай, ұлт аралық қатынастарды нығайтуға да өз үлестерін қосып жүр.

Айталық жылма-жыл Наурыз мейрамында сан ұлттың өкілдерінен тұратын мұнайшылар қауымы «Тілі басқа болса да тілегі бір, жүзі басқа болса да жүрегі бір» деген рухта бас қосып, әңгіме-дүкен құруды игі дәстүрге айналдырды. Биыл да оны ойдағыдай атап өттік. Бірнеше ордендер мен медальдардың иегері М.В.Калашников, Ю.А.Белько тағысынтағылар орыс, украин, кәріс, татар, еврей бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып дегендей мұнайшы деген қастерлі мамандық төңірегінде тағы да топтастық.

Жүрекжарды әңгімелерімізді айтып, бірқыдыру шүйіркелестік. Осының өзі кейінгі ұрпаққа, сөз жоқ, үлгі-өнеге, орасан зор ұлағат.

Шындығын айтсақ, біз о бастан интернационалдық, патриоттық рухта тәрбиеленген, сол бағытта өсіп-өнген момын халықпыз. Біздің қазақтар жер ауып келген шешен, татар, еврей халықтарын да бауырға басып, төріне отырғызған. Ақы адал асына ортақтастырған. Сол бір шынайы достық пен қағылез қарым-қатынас ілгеріде де лайықты жалғасын тауып, күн сәулетті Қазақстанымызды гүлдендіруге, көркейтуге, көсегесін көгертуге тиіс.

Бұған дәлел, Республика Тәуелсіздігінің 10 жылдығы ая-

сында тағы бір мәрте өзара қайта табысқандай жақсы әсерлер кұшағына бөлендік. Мәдени-көпшілік шараларда, спорттық жарыстарда делебеміз әлсін-әлсін қозып, айдарымыздан анық жел есті. Осы өңірде, осы өлкеде, осынау мұнайлы аймақта туып өскенімізге мың мәрте марқайдық. Осынша мәрте асып-тастық. Обалы не керек, бұл жерде аталмыш акционерлік қоғамның басшылары, ат жалын тартып мінген атпал азаматтар баршамызға сый-құрмет көрсетіп, ата кәсіпті жалғастырушылар алдында абыройымызды бұрынғының үстіне асқақтатты. Сол үшін де мың да бір рахмет!

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ержігіт Нұрханов, ол кісінің оң қолы атанған бір топ зейнеткерлер М.Балғымбаев, О.Есқазиев, Қ.Игілік тегі, С.Дүтбаев, С.Тәжібаев, Т.Ізтілеуов, Н.Ғазизова және тағы басқалар, осынау қоғамдық қызметте ала-бөле белсенділік танытып, көпшілік шараларды мазмұнды етіп ұйымдастыруға қызу атсалысуда. Нақ осындай өрелі істер жергілікті жерлердегі бастауыш ұйымдарда да кеңінен қолдау табуда.

Және бір айта кететін жайт, өткен мұрағаттарымыздың кейінгі ұрпақтарға ұлағат ететін тұстарын жапатармағай ескерткіш етіп қалдыру парыз. Сол орайда бүгінгі таңда қоғамның ардагерлер кеңесі Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының иегері Сабыр Өтепбергеновпен тығыз байланыс орнатуда. Ол жазған «Арпалыс», «Атышулы Теңіз», «Доссорда шәй құяды Гүлжансары» кітаптарын республикамыздың оқырмандары, әсіресе мұнайшылар әулеті жылы қабылдады.

Жақында Сабыр ініміз «Өнегелі адамдар өмірі» айдары бойынша «Заманның заңғары» атты журналистік зерттеулерін аяқтап шықты. Міне, осы еңбекте бір топ мұнайшы ардагер-

леріміздің Лениндік және мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Жолдасқали Ахметұлы Досмұхамбетовтың өжет өмірі жайлы естеліктер топтастырылған.

Аталмыш жинақ марқұм Жөкеңнің бақилық сапарға аттануының 25 жылдығына, яғни ширек ғасыр толуына орайластырылып, Алматыдағы «Зерде» баспасынан таралымы 2000 дана болып шыққалы жатыр. Сондай-ақ осы автор қалам қарымын ілгері оздырып, Зиядин Айдыналиев жайлы да деректі хикаяларды, аңыз әңгімелерді жинақтап құрастыру үстінде. Лайым алдыңнан жарылқағай дейміз бұл авторға.

Айта берсек, ардагерлер кеңесі, өз зейнеткерлерінің амандығын тілей отырып, олардың соңынан ерген жас ұрпақтардың да өз заманының белсенді құрлысшылары болуына іштей мүдделі. Құдайға шүкір, ата-бабамыз ертеректе қара жұмыстарға қазан атша жегіліп, жаңа қоғамды өз қолдарынан орнатса, осы күні компьютермен сәт сайын тілдескен жас жеткіншектер атышулы Теңіз бен кәрі Каспийдің қайраңында ғасырлар бойы тұнған ен байлықты ел кәдесіне жаратса, Кувейттегідей көсегелері көгеріп, үрім-бұтағымызды үлде мен бүлдеге орасақ, онан артық асқақ арман жоққа тән.

Олай болса, жақсылығымыз жақын болғай ағайын!»

Ел алдына шығып, қызыл тілден майын тамыза сөйлеу оңай емес. Ол-өнер. Ананың қанымен бойға біткен қасиет. Кәсібі басқа болса да толғауы тоқсан қызыл сөзді әрлі-берлі жөңкіте білген Ержігіт ағаның әрбір сөз саптауынан жаныңды елжіретер ләззат аласың. Айтар ойын жеріне жеткізе білген шеберлігіне тәнті боласың. Еріксізден еріксіз «Бәлі, мына кісі қалай-қалай құлаш сермеген, ә?» деп тамсанасың.

Байқайсыз ба, ақсақал қара басының арманын емес, елінің

болашағын, кейінгі ұрпақтың бақытты өмірін армандаған, одан асқан биік мақсаты жоқ екендігін айтқан. Бұл дегеніміз азаматтың азаматына ғана тән нәрсе емес пе?

Алаштың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев ағамыздың «шаң басқан архивтерден табылармыз» деп айтып кеткеніндей, қолымызда тағы да әбден тозығы жеткен сарғайған парақтар. Парақтаған сайын, Ержігіт ағаның мұрағатындағы жинақтардың аса бағалылығын көреміз. Міне, тағы деректер:

Құрметті ардагер-зейнеткерлер!

Ембі-Жем мұнайшылары!

Бүгін Сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі егеменді ел болғанына 11 жыл толуына байланысты мереке-сімен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Мейрамдарыңыз құтты болсын!

Әрине 11 жыл деген балалық шақ қой. Үкіметіміз осы жылдар ішінде көптеген қиыншылықтарды бастан өткізді. Тәуелсіз егеменді ел болуда әжептәуір қожыраулар кездесті. Бастапқы жылдарда өндірістік, саяси, экономикалық қатынастардың үзілуі жағдайды тығырыққа тірегені рас. Ол Сіздерге белгілі, жаппай жекешелендіру кезі тұрмытың қай саласына да әсерін тигізді. Соңғы екі-үш жылда өндірісімізде, саяси өмірде, денсаулық, білім беру және әлеуметтік салада оңтайлы өзгерістер болып жатыр. Оған біз зор сеніммен қараймыз.

Құрметті зейнеткерлер!

Ел Президенті Н.Назарбаев ардагерлер алдында сөйлеген сөзінде: «біз Сіздердің алдарыңда өтелмейтін борыштымыз, алдағы кезде де Сіздерге барынша көмектесуге тырысамыз,

кұрметті біздің әкелеріміз бен шешелеріміз!» деген болатын.

Күні кеше еліміздің 2003 жылғы бюджетінің бекігендігі өздеріңізге мәлім. Онда әлеуметтік салада көптеген жаңалықтар күтіп тұр. Яғни 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап, ең төменгі зейнетақы мөлшері 5000 теңге, жалпы зейнетақы 12 пайызға өспекші, еңбекақы көтерілмекші.

Республика күні мерекесіне орайластырып, жылдағы әдет бойынша «Ембімұнайгаз» қоғамының басшылары және ұжымы Сіздермен кездесу ұйымдастырып отыр. Қоғам басшылығы мен ұжымына мейрам сайын көрнекті көмегімен кездесулер көрсетіп отырғандықтарыңызға бүкіл Ембі зейнеткерлері атынан ардагерлер кеңесінің аталық алғысын жеткізгелі тұрмын.

Қымбатты зейнеткерлер және бүкіл «Ембімұнайгаз» ұжымын тағы да ұлы мейраммен құттықтай отырып, дендеріне саулық, елімізге, халқымызға тыныштық берсін.

Зор құрметпен, рахмет!

13. 12. 2002 ж. Атырау қаласы.

Қалалық ардагерлер қоғамының сегізінші есеп беру-сайлау конференциясында сөйлеген сөзі

Атырау. 18. 07. 2003 ж.

Қымбатты конференция делегаттары!

Құрметті қатысушылар!

1987 жылы «Ембімұнайгаз» бірлестігінде біздің қоғам орталық, ал басқа мұнай өндіру кеніштерінде және басқа да қосымша шаруашылықтардың барлығында да бастауыш ұйымдар ұйымдастырылды.

Біздің орталық кеңес соғыс және еңбек ардагерлер кеңесі деп аталып, Атырау қалалық соғыс және еңбек ардагерлер кеңесінің көлемінде қызмет жүргізді. Ол кезде көптеген коллективтер болды. 500 Ұлы Отан соғысына қатысқандар, 700 тыл ардагерлері есепте тұрды.

Қазіргі кезде орталық кеңестің көз қырында аудандардағы көптеген шаруашылықтардың жабылуына болмаса қысқартылуына немесе меншік түрінің өзгеруіне байланысты ондағы есепте тұрған зейнеткерлерді сақталып қалған өндірістерге бекітіп, осы істі заңдастыру міндеті тұр.

Сол себепті бүгінгі күні өндірістегі зейнеткерлер саны өсіп 3000 жетіп отыр. Олардың 110-ы Ұлы Отан соғысы, 350-і тыл еңбеккерлері, 30-дың үстінде Ауған соғысына қатысқандар бар. Осы өзгерістерге сай, бүгінгі күнге 4 ұйым ғана негізгі есепте тұр. Олар: Ұңғымалардың өнімділігін арттыру және күрделі жөндеу, жол жөндеу басқармалары, аппараттан шыққан зейнеткерлер. Бұлардың барлығы да бастауыш ардагерлер кеңестерінде бірінші кезеңде әлеуметтік қамқорлыққа ие болып отырған зейнеткерлер.

Енді қысқаша қоғамдық әлеуметтік қамқорлық жөнінде бір-екі ауыз сөз:

Осы соңғы екі жылда 2001-2002 ж.ж. қамқорлық көлемі:

1. Зейнеткерлердің тікелей арызы бойынша –
2001 жылы 6,5 млн.
2002 жылы 7,32 млн.
2. Мерекелік мейрамдарда берілген көмек –
2001 жылы 64,1 млн.
2002 жылы 82,2 млн.

3. Тегін берілген жолдама (путевка) –	
	2001 жылы 24,3
	2002 жылы 30,3
4. Мерейтойларға сыйлық –	
	2001 жылы 0,5 млн.
	2002 жылы 2,0 млн.
5. Дүниеден озған зейнеткер отбасына –	
	2001 жылы 1,1 млн.
	2002 жылы 3,6 млн.
6. Басқа қызметтер үшін көмек –	
	2001 жылы 3,9 млн.
	2002 жылы 3,5 млн.
Барлығы:	99,6 және 131,2.

Байқап отырсыздар жыл сайын бұл көрсеткіштер артып келеді.

Бұның сыртында мерекек сайын зейнеткерлердің ұжым мүшелерімен кездесулері, ардагер аға мұнайшылардың ақыл-кеңестері тыңдалып, жастардың өнерін тамашалайды.

Ұйымның ардагерлер кеңесінің күшімен жас ұрпақта ерлік және еңбек дәстүріне, сондай-ақ патриоттыққа тәрбиелеуге бағытталған «Ерлік елге мұра, ұрпаққа-ұран» атты буклет бет әзірлеп шығарып, барлық кәсіпшіліктегі ұйымдарға таратып берілді. Осыған байланысты тәрбиелік мәні зор, бір топ зейнеткерлеріміз Республикамыздың мұнай өнеркәсібін өркендетуге қосқан жекелей үлестері жайында сан алуан кітаптар жазып, естелік қалдыруда.

Олардың ішінде ардагер-мұнайшы, бірнеше кен орындарын тікелей ашуға қатысқан Қожыбай Әлжанұлы, мемлекеттік

сыйлықтың иегері Мақаш Балғымбаев, және басқалары ел өмірі, мұнайшылар туралы ой білдірген.

Жер жағдайы жайлы бірнеше кітаптар жазып, өшпейтін із қалдырды. Бұқаралық ақпарат құралдарында біздің зейнеткерлер Ембі мұнайшыларының ерлік еңбегін мақтаған кейіпкерлер өмірінен үлгілі мақалалар, естеліктер мен қолжазбалар жиі-жиі жарияланып тұрды. Бұл да үлгілі өнеге.

Ардагерлер кеңесінің ықпалымен дүниеден өткен әріптес ағаларымызды еске алу мақсатында бұрынғы мұнайшы, кейін жорналшы, бүгінгі күні зейнеткер Сабыр Өтепбергенов осы 2-3 жылдың ішінде Жем мұнайшылары, зейнеткерлері жөнінде олардың өмірі мен еңбек жолдарына арнап, естелік мұра ретінде шебер де көркем тілмен 4 кітап жазып, оның көпшілігін естелік ретінде зейнеткер ағаларына тегін таратып берді. Олар: «Атышулы Теңіз-37», «Доссорда шай құяды Гүлжансара», «Заманымыздың заңғары», «Зиялы Зиядин» кітаптары.

Осы басылымдардың басылып, тезірек жарық көруіне зор септігін тигізген «Ембімұнайгаз» ААҚ-ың президенті М. Лұқпанов, «Қазақойл-Тельф» компаниясының президенті Қ.Қуанышұлы мырзаларға «Ембімұнайгаз» ААҚ-ы ардагер зейнеткерлері және қалың көпшілік оқырмандары атынан шынайы алғысымызды білдіреміз.

Тағы бір жетістігіміз ардагерлердің тікелей көмегімен «Ембімұнайгаз» мұражайы ашылды. Оны өмірден өткен әріптестердің жәдігерлік бұйымдары үйлерінен алдырылып, бір қатар мұнайшы әулеттеріне жеке-жеке мүйістер ашылды.

Мұражай мұнайшы, бұрғышы деген қастерлі мамандықтарды уағыздайтын көрнекті үгіт құралдарымен жылдан-жылға толықтырылып келеді.

Қоғам ардагерлері кеңесі тек ерлік және еңбек дәстүрлерін

ғана алға тартып қоймай, ұлтаралық қатынастарды нығайтуға үздік үлестерін қосып жүр.

Айталық жылма-жыл наурыз мейрамында сан ұлттың өкілдерінен тұратын мұнайшылар қауымы «Тілі басқа болса да, тілегі бір, жүзі басқа болса да жүрегі бір» деген рухта бас қосып, өзара әңгіме дүкен құруды игі дәстүрге айналдырған.

Бірнеше ордендер мен медальдардың иегерлері М.В.Калашников, Ю.А.Белько, Х.Губайдуллин, В.Ли, В.Пак тағы басқалар орыс, украин, татар, еврей бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып дегендей-мұнайшы деген қастерлі мамандық төңірегінде тағы да топтастық. Жүрек жарды әңгімелерімізді айтып, бір қыдырыу шүйіркелестік. Осының өзі кейінгі ұрпаққа сөз жоқ, үлгі-өнеге, орасан зор ұлағат.

Шындығын айтсақ, біз бастан интерноционалдық, патриоттық рухта тәрбиеленген, сол бағытта өніп, өскен момын халықпыз. Кешегі жер ауып келген шешен, татар, еврей халықтарын да бауырға басып, төрімізге отырғызғанбыз. Сол шынайы достық пен қағылез қарым-қатынас ілгері де лайықты жалғасын тауып келеді.

Лайым солай бола берсін.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Міне біз атқарған жұмыс осындай. Жаңадан сайланған қалалық ардагерлер кеңесіне, пленум, президум мүшелеріне қажымас қайрат, денсаулық тілеймін».

Қадірменді халқым!

Міне, біз көпшілік, абзал ағаларымызға естелік ретінде арнайы арнап жазылған кітаптың тұсау кесу рәсімінге жиналып отырмыз.

Бұл кітап, өнегелі адамдар өмірі сериялы жинақтың алғашқыларының бірі деп қабылдағанымыз жөн болар.

Әр түрлі басылымдарға жинаққа кірген азаматтар туралы жазылып та, ауызша айтылып та жүргендігі иәлім. Дейтұрғанмен Жем мұнайын іздестіру, барлау, бұрғылау, бұрғыланған ұңғымаларды зерттеп, түрліше режимде ұстап мұнай көлемін арттыруда және шаруашылықта ұйымдастыруда маман геологтар мен таукен инженерлері екенін халық біледі, қадір тұтады.

Бұлардың өмірі мен өнегелі еңбек жолдары кітапта толық қамтылған және бір ерекшелігі бүкіл өлкенің өсу, өркендеу, жаңару жолдарымен жапсарлас жазылған, бірге жұмыс істеп, тағдырлас болған адамдардың есімдері аталып, өндіріске сіңірген ерен еңбектері мақтанышпен еске алынған.

Бұл кейінгі ұрпақтың ағаларға жазбаша естелік мұрасы. Кітапта аты аталып, түсі түстеліп, олардың өндірісінің әр түрлі саласында абыройлы еңбек еткен ағалар. Бұлардың аттарына бағыштаалған ыстық ықылас пен лебіздің ұшан-қайыры шексіз.

Менің ендігі айтайын дегенім, естеліктің жарық көруіне мұрындық болған мұнайшы-зейнеткер, журналшы ініміз Сабыр мен «Ембімұнайгаз» ААҚ-ы ардагерлер кеңесі.

Осындай ізгі істерді, ініміз өзінің науқастығына қарамай, Жем мұнайшылары мен зейнеткерлерінің өмірінен, соңғы 2-3 жылда 5 кітап естелік-мұра жазып, өкінішке орай біздің қолымызға тапсырып кетті. Топырағың торқа балсын, қайран інім!-дегеннен басқа амал жоқ, тағдыр солай.

Осы соңғы «Ақиқат пен аңыз» басылымының «Зерде»

баспасынан тезірек жарық көруіне зор септігін тигізген «Шеврон» ЖШС-і, директоры А.Байымбетов пен бас менеджері М.Қаражігітова ханымға ардагерлер атынан және қалың көпшілік оқырмандар атынан шынайы алғысымды білдіремін.

«Ағалар ерлігі-мұра, ұрпаққа ұран» болғай деп, «Ақиқат пен Аңыз» кітабын «Ембімұнайгаз» ААҚ-ы өндірісінде, қоғамдық ұйымдарда, кітапханалар мен музейлерде, жастар шоғырланған оқу орындарынан алып, танысуға болады.

Ұрпақ оқы, таныс, үйрен-абзал, зиялы азаматтардан!»

Ержігіт ағаның осы тақылеттес, «Отты жылдар айғағы, көненің көздері, тар окопта күн өткен, алты ай қыста қар жамылып, су кешкен майдангерлер- бүгінгі ардақты аталар мен әжелер, зейнеткер ағаларым мен құрдастарым, достарым мен жолдастарым!» деп бастаған әр түрлі алқалы жиындарда жасаған баяндама, хабарламалары өте көп. Біз солардың бірнешеуін ғана теріп беріп, абыз ағаның қаншалықты биік білімді, жоғары парасатты, жетік ойлы азамат болғандығын көрсетуді мақсат еттік.

Тағы бір газет қиындысы. Қай басылым екендігі сақталмаған. Адиль Амантаев, Атырау-Алматы деп қол қойылған бұл мақала республикалық басылымдардың бірі ме деп топшыладық. Мақалаға Кәрі Ембінің бір топ ардагерлерінің пікірлері арқау болыпты. Ішінде Ержігіт Нұрхановтың да пікірі бар екен:

«По большому счету, без Эмбы не было бы Тенгиза, – вступает в разговор Ержигит Нурханов.

– Кто стоял на буровых в шестидесятые-семидесятые

годы? Те, кто еще в войну пришел на промыслы 14-летним пацаном.

Пацаны, не видевшие детства. Они заменили отцов, ушедших на фронт.

– Заменить отца, ушедшего на фронт, – нынешним молодым трудно почувствовать в полной мере, что это значить?

– А значит это: на голодный желудок, вкалывать на ледяном ветру по 12-16 часов. И не только выполнять-перевыполнять план, который в мирное время и взрослым-то показался бы нереальным.

Но перевыполняли! Потому что знали-это их вклад в победу над врагом. А ведь до победы было, как пешком до неба. Страшное было время. Фашисты рвались к Баку и Грозному. Почти все районы нефтедобычи к сорок второму году оказались в их руках. Тогда и Эмба стала трагической опорой экономики.

– Режим работы соответствующий...

– Опоздание на работу приравнивалось к дезертирству. У каждой скважины надсмотрщик-следит чтобы никто не уснул, чтобы качали нефть непрерывно. Выматывались на нет...

Да, хлебнули горя те пацаны, но держались, как на фронте ни шагу назад. На промыслах Ескене, к примеру-есть тут такое старое месторождение-несколько раз подряд завоевывали переходящее Красно знамя Совнаркома и Госкомитета обороны. Потом правительство оставило его здесь навечно как почетную награду нефтяникам.

Люди-вот настоящее золото Эмбы. Да, только время неутомимо косит наши ряды, косит...

В конце восьмидесятых в рядах ветеранов войны и труда

производственного орбъединения «Эмбанефть» насчитывалось, соответственно, полтысячи фронтовиков и около семисот труженников тыла. А сейчас-полсотни и двести семьдесят человек».

Қаһарлы соғыс жылдарында мұнай Қазақстанда тек Ембі кәсіпшіліктерінде ғана өндірілгендігі белгілі.

Деректерге жүгінсек, 1941-1945 жылдары Қазақстанның мұнай кәсіпшіліктері соғыстан бұрынғы бесжылдықтарға карағанда мұнайды 38,8 пайыз артық өндірген. Сондай-ақ әр соғыс жылы сайын өндірілген мұнай көлемі 1940 жылғы өнімнен едәуір көп болған.

Мысалы, 1941 жылы 864,1 тонна «қара алтын» өндірілген, бұл 1940 жылмен салыстырғанда 124,0 пайызға көп. Ал, 1942 жылы 124,2, 1943 жылы 140,4, 1944 жылы 114,7, 1945 жылы 113,0 пайызға жоспардан тыс өнім алуға қол жеткізілген. («Нефть СССР». М-1967-1987 гг. Москва «Недра», 47-7-48 б.)

Бұл көрсеткіштер жоғарыда Ержігіт ағамыздың алтынға балаған адамдардың ерен еңбегі, олардың Отанға деген зор сүйіспеншіліктерінің нәтижесі деп түсінеміз.

Қазақта «сегіз қырлы бір сырлы» деген бір керемет әдемі теңеу бар. Дана халқымыз бұл теңеуді көңілден шығып, бойындағы әр түрлі өнерімен айналасын тәнті еткен ұлдарына арнаған-ау сірә. Біздің Ержігіт ағамыз да бір бойына талай асыл қасиеттерді топтастыра біліпті. Бұл оның тектілігі деп түсінеміз.

Ержігіт аға қолына қалам алып, өзекті мәселелер төңірегінде газет бетіне мақалалар беріп, қоғамдық пікірлер туғызып отырған.

Мысалы, облыстық «Атырау» газетінде жарияланған

«Мұнайлы Ембі тарихын жазу ұрпаққа сын» атты мақаласында ол былайша ой толғайды: «Сонау 18-20 ғасырлара Жайық-Жем аймағына орыс көпестерімен бірге көптеген зерттеушілер, геологтар келген. Н.Л.Северцев, И.К.Баршов сияқты ірі геологтар болды. Олар алғашқы зерттеулерін қорытындылап, 1860 жылы «Кен» журналында бірінші болып мұнайлы (Доссор) руднигінде мұнай қоры бар деп жазған.

Одан кейін 1874-1886 жылдары Жайық-Жем бойына сол кездегі тау-кен инженерлері Кирпичников пен Новоковскийлер келіп Доссорда, Ескенеде Қарашүңгілде мұнай қоры бар барлығын растады» дей келе мұнай өндірісінің жалпықазақстандық үлкен өнеркәсіп саласына айналғандығын қазіргі қол жеткізген нәтижелеріне дос қуанып, дұшпан күйінетіндей екендігін қуана баяндайды. Біз бұдан Ержігіт ағамыздың жер тарихын білетін көрегендігін тағы көріп білгендейміз.

Ал «Энциклопедия-ортақ мақтанышымыз болғай» деген мақалаларда ол көтеріліп отырған тақырыптардың аса құндылығын және оларда көрсетілетін деректердің аса дәлдікті қажет ететіндіктерін баса айтады. Бұл да болашаққа жаны ашыған, кейінгі ұрпақ құлағына жететін тың деректердің анық болуын қалаған жанашыр жанның жан айқайы. Өйткені тарихқа қиянат-адамзатқа жасалған қиянат болып есептеледі. Осыны терең ұғынған Ержігіт аға тарих көшінің кейінгі ұрпаққа бұрмаланбай, дәл жетуіне ерекше көңіл бөліп, оны өзінің азаматтық, ақсақалдық парызы санаған. Бұл да әңгіме кейіпкерінің көрегенділігі мен аса сауаттылығын тағы бір қырынан көрсетіп, паш етіп тұрғандай.

Ержігіт Нұрхановтың жан-жақты терең ой толғай біле-

тіндігі оның әрбір ісінен байқалып тұрғандығы, оның айтқан сөздері мен жазған жазбаларынан көрініп тұрады. Оның баспасөз бетінде шыққан мақалаларының арасынан кездескен тағы бір еңбегінде Ерекең сол кездің аса күрделі мәселелерінің бірін көтерген. Сол мақала мәтінін оқырмандар назарына ұсынғанды жөн деп таптық. Авторы белгілі журналист Тараз Наурызалы. Мақала 2004 жылы «Ақ жайық» газетінде жарияланған.

«Тыловикам не полагается ничего»

В преддверии Дня Победы мы побеседовали с председателем Совета ветеранов-нефтяников производственного филиала «Эмбаунайгаз» Ержигитом Нурхановым.

– Ержигит ага, как идет подготовка Совета ветеранов к празднику Победы? Что нового в жизни наших ветеранов? Не оказали ли отрицательного влияния структурные изменения, происходящие в ЭМГ, на ежегодное чествование ветеранов?

– По области осталось всего около 70 ветеранов нефтяной промышленности и 270 человек – тыловики. В общей сложности, включая ветеранов труда, трудовой армии, афганцев, ветеранов насчитывается около полутора тысяч. Участников ВОВ мы чествуем ежегодно, в частности, в День Победы им выдается премия в размере 15 тысяч тенге. И не только в этот праздник, ну и в день Нефтяников, День пожилых людей и в другие знаменательные даты наши ветераны получают по 10 тысяч тенге. Кроме этого и есть праздничная премия в размере 35 тысяч тенге.

В связи со смертью ветерана мы выделяем его семье единовременное пособие в 70 000 тенге. Наряду с этим при спон-

сорской поддержке ЭМГ мы ежегодно выдаем бесплатные путевки на курорты нашей страны, помогаем с топливом, бесплатной подпиской на периодику и так далее. Все упомянутые мероприятия распространяются и на ветеранов, проживающих в сельской местности, в частности, в Макатском районе.

– Для нас, молодых, ветеран – это прежде всего, человек, прошедший войну. Но ведь есть еще и ветераны тыла и трудовые армии. Какая поддержка оказывается им?

– Никакая. Эта проблема характерна для всей республики. У многих может возникнуть вопрос: неужели Эмбаунайгаз не под силу помочь тыловикам, ведь их не так уж и много? Сейчас на учете у нас состоит 270 тыловиков. Казалось бы, что стоит нефтяному гиганту время от времени, хотя бы раз в год оказывать материальную поддержку своим немногочисленным ветеранам, которых из года в год становится все меньше. Но дело в том, что наш совет может только предлагать руководству предприятия провести ту или иную акцию. А сейчас, как вы знаете, предприятие переживает значительные структурные изменения. Среди работников царит тихая паника, неговоря уже о ветеранах. Но, разумеется ветераны войны без внимания не останутся, чего не могу сказать про тыловиков. А ведь их труд в тылу равноценен героическим подвигам на войне. И им необходимо оказывать поддержку – либо со стороны государства, либо со стороны предприятия.

– В следующем году Великой Победе исполнится 60 лет. Наверняка к такому знаменательному событию готовятся уже сейчас. Могут ли ветераны рассчитывать на ценные подарки в виде автомобилей и квартир?

– Программа мероприятия в связи с 60-ой годовщиной Победы нам еще не выдана. Вероятно, это станет известно после предстоящего праздника. После предоставления программы мы направим список наших ветеранов в областной Совет ветеранов. Что же касается автомобилей и жилья, то это пока под большим вопросом. Без спонсоров это будет нелегко. Знаю лишь, что по всей области такие крупные подарки вручили только нескольким ветеранам войны. В нынешнее время ветеранам купить себе жилье очень сложно. И я не могу утверждать, что в будущем эта проблема будет решена. А пока мы ищем решения.

– Какая поддержка оказывается вдовам ветеранов? К тому же не одной материальной помощью жив человек.

– К сожалению, после смерти ветеранов их семьи финансовую помощь уже не получают. Но можно сказать, что духовную поддержку мы им оказываем. Так, известный журналист-публицист, ныне покойный Сабыр Утепбергенов написал 8 книг, в которых повествуется о жизни и трудовом пути 12 покойных ветеранов. Книги изданы благодаря поддержке Эмбаунайгаз и Шеврона, семьи и родственники тех ветеранов остались очень довольны. А ведь моральная поддержка порой куда важнее, чем материальная. Наш совет не располагает какими-либо конкретными возможностями, но разумеется, мы сложа руки сидеть не собираемся – будем продвигать идеи поддержки ветеранов. И пользуясь случаем, хочу поздравить всех ветеранов с праздников Великой Победы.

Сұхбат соңына осылай нүкте қойылған. Ержігіт Нұрханұлы айтқандай материалдық көмектен гөрі ардагерлерге ең

кажеттісі моральдық тұрғыдан көрсетілетін көмек құндылау. Десек те тылда еңбек еткендерге соғыс ардагерлірімен теңдес құрмет көрсетілуі керектігі туралы Ерекең жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек етті. Жазатын жеріне жазды, айтатын жерінде айтты. Еңбегі нәтижесіз болған жоқ.

«Ешкімде еш уақытта ұмтылмайды» деген қанатты сөзді біз барлығымыз да сонау мектеп қабырғасында жүрген кезде біліп, оның мәнін әркім өзінше саралап жататын. Бұл қағида көбінесе соғыста болған ардагерлерге айтылатынын да білетінбіз. Шынымен де өмірде ештеңе де ұмытылмайды екен. Жылдар жылжып өтсе де жасаған еңбек пен ерлік жаңғырығы қайталана беретіні қандай жақсы. Қатталған көп қағаздың арасынан көңіл аударған құжаттың бірі Белорусь мемлекетінің Президенті Александр Лукашенкодан Ержігіт Нұрхановтың атына келген хат болды.

Белорусь мемлекеті неміс фашист оккупанттарынан туған жерлерін азат еткендіктерінің 60 жылдығына орай мереке ұйымдастырыпты. Осыған байланысты Ержігіт ағаға құттықтау хатын жолдаған екен.

Уважаемый Ержигит Нурханов!

Примите мои сердечные поздравления с 60-ой годовщиной освобождения нашей страны от немецко-фашистских захватчиков.

Для Белоруси 3 июля-это день Независимости, национальной гордости и немеркнувшей славы ветеранов Великой Отечественной войны.

60 лет назад в результате мощного наступления Красной Армии при поддержке партизанских соединений территория

республики была полностью отчищена от гитлеровских оккупантов. Наступил светлый миг освобождения, дорога к которому прогледла через три долгих года борьбы и упорного сопротивления.

Мы склоняем перед мужеством, стойкостью и силой духа фронтовиков, партизан, подпольщиков, тружеников тыла людей разных национальностей, которые сплотились для отпора врагу.

В послевоенный период поколение доблестных победителей было в первых рядах тех, кто за непродолжительный срок возродил из руин и пепла разрушенные города и села.

Родина высоко ценит Ваши ратные подвиг и самоотверженный труд. Белорусский народ всегда будет благодарен Вам за отвоеванные мир и счастья, за предоставленную возможность радоваться каждому новому дню. Ваша исполненная героического смысла жизнь стала достойным образцом для потомков.

Желаю Вам доброго здоровья, праздничного настроения, благополучия, заботливого отношения родных и близких.

**С уважением,
Президент Республики Беларусь
Александр Лукашенко.**

Алыстан келген бұл сәлем хат Ержігіт Нұрхановтың майданда төгілген терімен, өзімен үзеңгілес жүріп от ортасынан аман оралғандар мен майдан өтінде қалған қаруластарына көрсетілген ықылас деп түсінеміз.

Күркірей өткен соғыс жылдары елі үшін толарсақтан қан кешкендерге көрсетілер құрмет қай жерде де шектеусіз. Сол

бір сұмдық соғыстың беті қайтып, ел басына бейбіт күн туғалы да 60-жыл уақыт өтіпті. Бірақ соғыс салған із жүректерден кетпек емес. Сол себепті де ардагерлерді ұлығылап, көңілдерін кемел келешек жақсылықтарына аудару мақсатында жер-жерде мәдени шаралар ұйымдастырылды. Бұл жеделхат сол шара аясындаға ұлағатты істердің бірі болса керек.

* * *

Қазақтың хас ақындарының бірі Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған өлеңінде:

*Отбасы-шағын мемлекет,
Мен-президент, сен-премьер» –*

депті. Бір қарағанда осы бір өлең жолдарын оқыған адамның әп дегенде езуіне күлкі үйірілуі әбден мүмкін. Бірақ тереңіне бойласақ, шынымен де отбасы дегеніміздің өзі бір шағын мемлекет іспетті.

Өзіндік заңдылығы, тәртібі, міндет-қызмет бөлінісі бар осы бір мемлекеттің тұғыры берік, шаңырағы биік болуында, әсіресе әйел-ананың алатын орны ерекше екендігі осынау тіршілік ағымында сан мәрте сыналған, айтылған пәлсапалар.

Баяғының білімпаздарының бірі Ризуаддин ибн Фахруддин деген ғұлама «Әйелдері тәрбиелі болған халық-тәрбиелі, әйелдері тәрбиесіз болған халық-тәрбиесіз. Әйелдер үнемшіл, пысық, жігерлі, талапты болса-халық бай, ал жалқау, салақ немесе ысырапшыл болса-халық пақыр, кедей болады» деген екен.

Философиялық тұжырымдардан, шынай өмірге үнілсек те осы ұғымдардың астары өте тереңде тәрізді. Себебі жақсы

әйел – ер адамның маңдайға біткен бағы, өмірінің жарық жұлдызы.

Өмірлері кейінгі жастарға өнеге болатын, отбасылық өмірде әулетінің бағы болған асыл аналарымыздың бірі-Ержігіт ағамыздың құдайы қосқан аяулы жары Бисенова Қания Дәулетқызы.

Қания апа 1926 жылдың 15 тамызында Атырау облысы, Қызылқоға ауданы №25 ауылда дүниеге келген. 1934 жылы Гурьевтегі орта мектепте 1941 жылға дейін оқып, 7 кластық білім алады. Әкесі Сағыз кенорнына жұмысқа ауысуы себепті олардың отбасы Сағызға көшіп келеді.

Ел басына күн туып, ер адамдар соғыс өтіне аттануға мәжбүр болған да, қаршадай қыз ауылда қалған үлкендердің қатарында ауыр-жеңілдігіне қарамай еңбекке араласа бастайды. Соғыс ауыртпалығы адамдарға үлкен залалын тигізді. Жаңа бой түзеп келе жатқан жастар, тас-түйін бекіп, үлкендерше ойлап, үлкендерше қызмет етті. Сөйтіп, заман ауыртпалығы оларды ерте есейтті. Қания да сол ағында қабырғасы қайыса еңбек етті. Майданға аттанған әкесі мен ағаларының тілектерін тілей жүріп, балаң қыз бар ауыртпалықты көтерді. Шиттей баламен қалған анасына қолғабыс етіп, жаныныя демеуші болды.

Сол жылы кәсіпшілік бухгалтериясына есептеуші жұмысына кіріп, онда 1942 жылдың шілдесіне дейін жұмыс жасайды. Сол жылдың шілдесінен 1944 жылға дейін осы жерде есепші бола жүріп, білімін жетілдіруді де қалыс қалдырмайды. Бірлестік жанындағы өндірістік кәсіпорындар бухгалтерлерінің білімін көтерудің үш айлық курсы бітіреді.

1944 жылдан 1949 жыл аралығында кәсіпшілік бас бух-

галтерінің орынбасары. 1943 жылы комсомол, 1946 жылы партия қатарына өтеді. 1949-1953 жылдары Қосшағыл мұнай өндіру басқармасында аға инженер-экономист, бөлім бастығы ал, 1953-1965 жылдары Құлсары барлау-бұрғылау басқармасында аға инженер-экономист, бөлім бастығы, бас экономист және партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарып, Жылыой аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы болып сайланады.

1965-1983 жылдары «Қазмұнайгазгеология» өндірістік бірлестігінің жоспарлау бөлімінде аға инженер-экономист, одан әрі сол бөлімнің бастығы қызметтерін атқарады.

Қания апа отбасының ұйтқысы, азаматына асыл жар, балаларына аяулы ана болып қана қоймай өндірістік қызметімен қоса қоғамдық өмірдің де қайнаған ортасынана табылатын. Әйел-ананың қоғамда алатын орны, олардың өмір ағысынан қалмай жасаған істерінің уақытында қолдау тауып, ескерілуі, отбасылық жағдайларының жақсы болуы сияқты мәселелерін дер кезінде көтеріп, тиісті орындарға жеткізіп отыруды өзіне міндет санады.

1968 жылы Москвада өткен әйелдердің бірінші конференциясына делегат болып қатысып, мінберден үлкен баяндама жасайды. Сол кездегі «Ятрань» машинкесімен жиырма беттің көлемінде басылған баяндама мәтіні сақталған екен. Оқи отырып сол тұстағы адамдардың жоғары білімділіктері мен еліне, отанына деген патриоттық ниеттеріне қайран қалдық.

Баяндаманың өн бойында совет әйелдерінің қарым-қасиеттері, олардың өз елдері үшін жасаған ерен еңбектері, ұрпақ тәрбиесіндегі алатын орындары несін айтасыз бәрі-бәрі өте қарапайым тілмен, жатық баяндалған. Кейбір жер-

лерін оқығанда еріксіз жігерленіп кетеді екенсің. Бұл баяндамашының шебер сөздік қорының нәтижесі болса керек.

«16 летней девушкой пришла на нефтепромысел Байчунас Набира Шагирова. Это было 20 лет назад. Конечно в первых порах было трудно. Нехватало знаний, смекалки, не было опыта. Но она продолжала учиться, перенимать опыт лучших нефтяников. С большой теплотой и сейчас вспоминает Набира пенсионеров мастера Абдеша Байарыстанова, старшего оператора Мендыбая Акмурзиева.

Это они помогали ей овладеть профессией оператора. Она упорно преодолевала все трудности, набиралась знаний. Коммунистка Набира Шагирова не только показывает образцы Коммунистического отношения к труду, но и активно участвует в общественной жизни. Кандидат в члены ЦК КПК Казахстана, кандидаты в члены Макатского райкома партий. Она первая героиня-нефтяница Казахстана» деп Мәскеудегі ең үлкен мінберден, өз елінің қарапайым еңбек әйелінің атын атап, түсін түстеп, жалпақ әлемге әйгілеу, сол кездің өлшемімен салыстырғанда ешкімнің қолынан келе бермейтін нәрсе. Ал Қания апа дәл осылай, туған елінің мәртебесін көтеріп, көп көңілін мұнайлы өлкенің ертеңіне аударып білген. Қаршадай қазақ әйелінің бұл жігерлілігін ерлікке бағаламай көріңізші.

Қания апа баяндамасының соңын былайша аяқтапты.

«Поистине великую роль призваны сыграть советские женщины вместе с женщинами всего мира в борьбе против войны, за светлое будущее и счастье своих детей.

За последние время благодаря усилиям Советского Союза и других социалистических стран, а также всех миролюбивых

вых сил заметно улучшилось международная обстановка. Значительно ослабла напряженность, в отношениях между государствами.

Историческую роль в этом сыграла поездка Председателя Совета Министров СССР Н.С.Хрущева в США с миссией мира и дружбы и внесенные им на Генеральной Ассамблее ООН предложения Советского правительства о всеобщем и полном разоружении.

Велики силы мира в рядах которых многие миллионы женщин. Но не исчезли еще сторонники «холодной войны». Не прекращена гонка вооружений. Не уничтожена атомное и водородное оружие. Не снята с человечества угроза опасности войны. Все это обязывает борцов мира не ослаблять своей бдительности, приумножать свои силы.

Советские женщины единодушно и горячо одобряют мирную внешнюю политику своего государства, питают чувства глубочайшей признательности к главе правительства за то что он хорошо понимает самые сокровенные нужды людей и с неутомимой энергией борется за мир во всем мире.

Идет по родной земле вторая весна семилетки. Везде радостно встречают ее Советские люди. Она принесет нам новые победы, новые трудовые успехи.

Мы, с Вами сидящих в этом зале, уверены в этих победах, ведь время работает на нас, и каждый день-это шаг вперед к коммунизму, шаг к счастью.

Мы советские женщины, завоевываем его в упорной борьбе, и наши женщины-в первых рядах бойцов».

Өздеріңіз куэ болып отырғандай Қания апамыз да жүрегіне

намыс отын лаулатқан қазақтың бір туар қызы болды десек артық айтқандық бола қоймас.

Өзге тілді ұршықша иіріп, сан мыңдаған халық алдында, жүздеген ұлт өкілдерінің назарын аударып сөз сөйлеу деген өте шеберлік пен батылдықты қажет ететіні, бірнешеудің емес бірердің ғана қолынан келетін іс екендігін тағы бір рет еске алдық.

«Махаббаттың да, адамның өмірі секілді, өзінің даму заңдары, өзінің өмір жасы болады. Оның да құлпырған көктемі, жалынды жазы, ақырында: кейбіреулер үшін шуақты, нұрлы да жемісті, екінші біреулер үшін сұп-суық, шірік те жұтаң күзі болады» депті В.Г.Белинский.

Ержігіт ағамыз бен Қания апамыздың өмірлерінің шуақты, сәулелі тұстары көп болған. Екеуінің алғаш танысқан кездері де қызық.

Елге оралмастан бір жыл бұрын еңбек демалысын алған Ержігіт Москваға бір тәулікке тоқтайды. Аралап сол кездегі отанымыздың жүрегі атанған Москваны аралайды. Қандай дегенмен әскери адам емес пе, жаңадан ашылған Офицерлер үйіне барып, бас сұғуды міндет санап, сол жаққа қарай бұрылады. Барса спектакль жүріп жатыр екен. Кісі көп, араларында бірен-саран қазақтарда көрінеді. Не де болса көріп кетуді ұйғарады. Іздегенге сұраған деген, сол жерде бір топ жерлестерін кездестіреді. Елдің амандығын сұрап, мәре-сәре болған «ауылдастарының» Миннефтепромға қысқа курсқа білімдерін жетілдіруге келгендер екендігін біледі.

Сезім дегенді қойсаңызшы топ ішіндегі ақсары өңді бұрымды қыз, мұның көңілін өзіне аудара береді. Танысып, әңгіме барысында екеуінің тағдырларының өте ұқсас екен-

дігін байқайды. Сондықтан да ма екеуі ежелгі таныстардай тез тіл табысып кетеді.

Жүрек лүпілі мен сезім сәйкестігі астасқан екі жас, 1952 жылы өмір атты сапарға қолұстаса қатар аттануға шешім қабылдап, отбасын құрап, шаңырақ көтереді. Кездесер қиыншылықтар мен қуаныштарды қатар көтеруге уәде байласады. Сөйтіп, екеуінің жұптасқан өмірі басталады. Екеуі де жас. Арқа сүйер ешкімдері жоқ. Екеуі ғана сол «алып кемеге» мініп, дария ағынға ілесе берді, ілесе берді. Қания еріне адал жар, қайырымды дос, қажет жерінде сырласа білетін ақылшы жолдасқа айналады. Әйел адаммын деп бәлсінбей, ерте тұрып, кеш жатып, ерімен қабаттас еңбек етеді. «Еңбек етсең емерсің» деген, тынымсыз еңбектері өз жемісін бере бастады. Сөйтіп, жағдайлары едәуір жақсарады. Енді екі жас айналаларына бақылай қарап, бұдан арғы болашақ туралы саралап, бағыт-бағдар жасай бастайды.

Қания жолдасының болашағына үлкен сенім артып, оның әлі де білім алуы керек екендігін түсінеді. Кеңесе келе Ержігіттің сырттай емес, іштей оқуы маңызды екенін ұйғарады. Сөйтіп, ағамыз сол кездегі қазақ білімінің қара шаңырағы атанған Алматыдағы С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетіне оқуға түседі.

«1953 жылдың шілде айы. Бір топ қыз-жігіттер аралас Құлсары кентінен жолға шықтық. Бағыт Гурьев қаласы, мінгендеріміз ЗИС-5 автомашинасы, ішінде үш ересек жігіт бар. Жастардың көңілдері шат, қалтада онжылдықты бітірген аттестат, мақсаттары Алматыдағы жоғары оқу орындарының біріне түсу.

Орынды арман, ақниетті тілек. Кешкісін шаршап-шал-

дығып Гурьев қаласына жетіп, «Эмбанефть» бірлестігінің қос қабатты ағаштан қиылып жасалған қонақ үйінен қыстырыла-қымтырыла орын алдық. Ертеңіне темір жол вокзалына келіп, Алматы поезына билет алдық. Әлі жұбымыз жазылмай жүр.

Сонымен Жылыой ауданынан келген жастар қаладағы жоғары оқу орындарына бөлініп кеттік. Біз ересек Ислам Ильясов екеуміз КазГУ-ге, Шегентай Балабаев қарындасы екеуі КазПИ-ге, екі ер бала, екі-үш қыз шет тілдер институтына, бірқатары ЖенПИ-ге, ауылшаруашылық институттарына және тағы басқа оқу орындарына түгелдей орналасты. Жылой ауданы жастарына бір қуанышты жыл болды.

Комсомол деп аталатын көшеде КазГУ-дың жаңадан бой көтерген ғимаратында философия-экономика факультеті жаңа оқу жылын бастады. Сол жылы мен 28 жаста едім. Экономистер дайындайтын бөлімде 100-ден астам студент болды. Әртүрлі ұлт өкілдері, сабақ орыс тілінде жүреді. Студент жастардың басым көпшілігі 1935 жылы дүниеге келгендер. Және сол жылы онжылдықты бітіргендер, бірен-саран мен сияқты ересектер бар.

Осынша жастардың арасында екі студент бала 1936 жылы туғандар болып шықты. Оның біреуі Гурьевтік Мүгенов Ғинаят, сол жылы Гурьев педучилищесін үздік бітірген өте жас бала. Екіншісі Асанбаев Ерік сол кездегі, өзінің айтуы бойынша қостанайлықпын деп таныстырды. Жатақханада жатамыз. Университеттің №1 жатақханасы Виноградов көшесіндегі Никольск шіркеуінің түбінде. Осы екі жас баланың жүріс-тұрысы, өмір сүру жағдайы өте мәдениетті. Жарлы семьядан шыққандары көрініп тұр.

Міне, бес жыл да өтті, оқу бітті. Енді экономист мамандығын алып шықтық. Ол кездегі жоспарлы шаруашылық деңгейіне қарап, біздерді жан-жаққа бөлді. Бізді, үш жігітті Гурьевтегі «Ембімұнай» бірлестігіне, бір адамды балық өндірісіне және бір адамды химия өндірісіне жіберді.

Сол кезде Гурьев химия зауытының құрлысы жүріп жатқан болатын. Гурьевтің консерві комбинатына жоғарыда айтқан Мүгенов Ғинаят келген болатын. Ол онда 2-3 жыл жасап, өзінің қабілеттілігін көрсете білуі арқасында комсомол жұмысына жіберілді. Арада аз мезгіл өткенде комсомол оған мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне жолдама береді. Комитет оны Францияға қысқа мерзімді курсқа жіберіп, тіл қабілеттілігін арттырады. Себебі ол педучилищеде оқып жүргенде француз тілін оқыған екен.

Ал Ерік Асанбаев Алматы қаласында қалған. Ол еңбек жолын Қазақ КСР Қаржы министрлігінің өнеркәсіпті қаржыландыру басқармасының экономисінен бастаған. Кейін өзі оқыған университетте оқытушы, Мәскеу қаржы институтының аспиранты, Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің бөлім бастығы қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасының тұңғыш вице-президенті болды. Өткен жылы дүниеден өтті...».

Естеліктер осылайша сыр шертеді. Өзі кеткенмен соңында қалған жәдігерлер осылайша сөйлейді...

Сөйтіп Ержігіт ағамыз Алматыда білім ала бастайды. Қания апа жары оқып жүргенде де жұмысынан қол үзбестен кішкентай қызын өсіре береді. Қолында енесі бар, келіп-келтер қонақ-қопсы тағы бар дегендей. Күндіз үкіметтің жұмысында жүрген Қания апа, үйіне келгенде де тау қонарардай

тың күшпен келіп, отбасының шаруасына кірісіп кетеді екен. Сонда қаршадай ғана қазақ әйелінің бойындағы не күш, нендей қуат дейсіз ғой? Менің көз алдыма сол кезде, елін сүйген, жарын қастерлеген, жарқын болашаққа сенім артқан, қайтпас, қайсар қазақ әйелінің образы келеді. Одан кейін ағамыздың студент кезінде ұлы Хамит дүниеге келеді. Осылайша жалғасқан өмір, бір күні Ерекеңнің қатырма қағазын алып, елге оралуына мүмкіндік береді. Дипломын қолына алған маманға «Эмбанефть» бірлестігіне жолдама беріледі.

Ержігіт аға: «Осы бірлестікте мен үлкен өмір мектебінен өттім. Өтебаев, Досмұхамедов, Сағынғалиев сияқты ірі мұнайшылармен, Сағытжанов, Әбдірахманов сияқты экономистермен жұмыстас болдым. Осы кісілерден үйренгендерім мен көріп көңілге түйгендерім, маған өмірлік азық болды.

«Жан-жарым Қания тағдырымның маған берген сыйы. Отбасымның берекесі, бауыр еті балаларымның асыл анасы. Ол кісіге деген менің құрметім шексіз. Мұндай әйел ер азаматқа тек қана бақ сыйлайды. Менің маңдайыма сол бақ қонған» деп отырады екен әңгіме арасында.

Қания Дәулетқызы отбасында асыл ана, қамқор жар, өндірісте алдыңғы қатарлы еңбек үлгісін көрсеткен білімді маман ретінде көп құрметіне бөленді. Ол кісінің өмірі, атқарған игілікті істері туралы талай баспасөз беттерінде көлемді-көлемді мақалалар жазылып, оқырмандар назарына ұсынылды. Солардың біреуі «Мұнайлы Астана» газетінде жарияланған Қ.Жұматайұлының «Біздің Қания апай» атты мақаласы.

«Ердің асылы күшінен білінеді, әйелдің асылы ісінен білінеді» дейді халқымыз. Облыс мұнай өнеркәсібін өркендетуге ерлермен қатар қыз-келіншектер де сүбелі үлес қосқан.